



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАЛАЛ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙМЕК



Еліміздің қоршаған ортасына зиян келтіргендер енді қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Егер олардың бұл әрекеті дәлелденсе 3 жылға дейін бас бостандығынан айрылатын болады. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда-ақ мақұлданған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі жаңалықтарының бірі осы.

(Соңы 3-бетте)

СҮЙНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқиев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйыртса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқиевтен кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады.

Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтімен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

**Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢИЗ!
ІСКЕ СӨТ!**

ТҮЙТКІЛ

ЫСЫРАП – 100 МЛРД

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновтің жұмыс сапары аясында Алматыда кедендік шекара арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтті. Онда электрондық кезек, «Нұрлы жол» бекетіндегі оператор компаниясы, шекара қызметі, сыртқы сауда және тағы басқа да өзекті мәселелер жайлы сөз қозғалды. Сыртқы экономикалық қызметтің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешудегі маңызын атап өткен Рустам Жүрсінов орталық деңгейде шешілуі қажет проблемалық мәселелерді жеке бақылауына алды.

Бизнес-омбудсмен «Атамекен» ҰКП-ның «Сатып алулардың бірыңғай терезесі» порталының мүмкіндіктері туралы да айтып өтті. 2021 жылы 11 сатып алу алаңының периметрінде жалпы сомасы 9,7 трлн теңгеден астам сомаға 1 млн 689 мыңнан астам шартпен жұмыс істеді. Жобаны іске асыру басталғаннан бері нақты үнем 74 млрд теңгені құрады. Сарапшылардың бағалауы бойынша сатып алуға бюджеттің жыл сайынғы ысырабы кемінде 100 млрд теңгені құрайды. «Атамекен» ҰКП Құқықтық қорғау департаментінің директоры Қуанышбек Мұқаштың айтуынша, кедендік әкімшілендіру саласында әкелінетін тауарларға

қатысты баға ақпаратын қалыптастыру және тәуекелдердің баға бейіндерін қалыптастыру проблемалары бар. Бұл белгілі бір тауар түрлеріне баға көрсеткіштері қалай қалыптасатынын түсінбейтін бизнес үшін жабық тақырып. Мемлекеттік кірістер органдары сыртқы экономикалық қызмет (СЭҚ) қатысушысы мәлімдеген тауардың кедендік құнымен салыстыру ретінде пайдаланатын баға ақпараты МКК сайтында жарияланған деректерге сәйкес келмейді. Мемлекеттік кірістер органдары қалыптастырған тауарлардың индикативті бағалары нақты бағалар көрсеткішінен бірнеше есе жоғары болады.



«УСҚ жұмысын автоматтандыру, өткізу пункттерінде дамымаған кедендік инфрақұрылым мәселелері шешілген жоқ, тауарды жеткізуді бақылаудан алу рәсімін қолданудың бірыңғай тәжірибесінің болмауына байланысты мемлекеттік кірістер органдары сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларына қатысты ЕЭО және ҚР кеден заңнамасында көзделмеген талаптарды қояды», – деген ҰКП өкілі Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің бизнес-қауымдастықпен өзара қарым-қатынасы әлсіз екенін де атап өтті. Ал Алматы қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің басшысы Асхат Оразхан: «Кәсіпкерлерді қорғау сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдары қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Заңнамалық және ұйымдастырушылық сипаттағы қабылданған шараларға қарамастан, шешуді талап ететін көптеген проблемалар әлі де бар. Бүгінгі кездесу бизнес-қоғамдастық үшін қолайлы жағдай жасауға және кәсіпкерлердің мемлекеттік билік институттарына деген сенімін арттыруға септігін тигізеді деп сенемін», – дегенді айтты.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ғалым МЫҢБАТЫРОВ,
Шымкент қаласы
мамандандырылған тергеу
сотының төрағасы,
Судьялар одағы
Орталық кеңесінің мүшесі:

«ҚҰРМЕТТІҢ КІЛТІ – ЕҢБЕКТЕ»

– Қазақстандағы ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер тізіміне ресми түрде енген Судья және сот қызметкерлері күнінің маңызы неде? Бұл мереке сала қызметкерлеріне не береді?

– Үкіметтің 2022 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен еліміздегі кәсіби мерекелер тізбесі жаңа күнмен толықты. Биылдан бастап 24 маусым – Судья және сот қызметкерлері күні ретінде атап өтілмек. Кәсіби мерекенің бекітілуін сот саласында еңбек етіп жүрген әрбір жан асыға күтті. Сондықтан, мұндай атаулы сәттің мереке ретінде белгіленуі орынды.

(Соңы 5-бетте)

САРАП

СОТ – МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

Мемлекеттің маңызды салаларының бірі – сот жүйесі. Ал заң мен тәртіп – құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын басты ұғым, ол соттардың төрелік етуінің кепілі болып табылады.

Цифрлық технология ғасырының басталуымен Республиканың сот жүйесі өзінің жаңа кезеңі – модернизацияға қадам жасады. Осы кезеңде сот ісін жүргізуді оңайлату рәсімдерін енгізу, мамандандырылған соттар құру, алқабилерді қылмыстық істерді қарауға тарту, дауды баламалы реттеу құралдарын енгізу бойынша шаралар қабылданды. Осылайша, бүгінде сот жүйесінің өркендеуі, қоғамның сеніміне ие болуы үшін отыз жылдай уақыт қажет болды.

Ел Конституциясының 75-бабына сәйкес сот төрелігін тек сот қана жүзеге асыратыны бекітілген. Судьяға сот төрелігін уақытылы және сапалы жүзеге асыру, істі объективті, жан-жақты және толық қарау үшін үлкен жауапкершілік жүктелген.

Судьяның жеке қасиеттері де бұл ретте маңызды рөл атқарады. Сот төрелігін іске асыру кезінде судья адал әрі бейтарап болуға, тек Конституцияға және Республиканың қолданыстағы заңнамаға ғана бағынуға тиіс. Бұл дегеніміз, мықты және тәуелсіз сот билігі – мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімді өзара іс-қимылының қағидатты кепілдіктерінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы. Яғни, Конституция, сондай-ақ, оның негізінде қабылданған заңдар мен өзге де заңнамалық актілердің тұтас топтамасы сот жүйесін жетілдіруге барынша елеулі түрде әсер ете отырып, елде сот төрелігінің қағидаттық жаңа құрылымын жасауға бағытталған.

Д.КЕНТБАЕВ,
Қызылорда қалалық сотының
төрағасы

ПӘРМЕН

17 МЫҢ ГЕКТАР ЖАЙЫЛЫМ ҚАЙТАРЫЛДЫ



Түркістан облысында 3,1 млн гектар жайылымға қажеттілік бар. Биыл 1 млн 12 мың гектар жерді қайтару жоспарлануда. Оның 405 мыңы мемлекетке қайтарылады. 600 мыңнан астам гектар жайылым жер иелерімен меморандумға тұру арқылы елдің ортақ пайдалануына ұсынылады. Жаңа бастамаға орай Түркістан облыстық жер қатынастары басқармасының хабарлауына, әзірге 17 мың гектар жайылым қайтарылды. Соның бірі Ортадабасы ауданы Ақсары ауылында іске асып, халықтың талабы орындалды.

Түркістан облысына жұмыс сапарымен келген «AMANAT» партиясы жанынан құрылған «Жер аманат» комиссиясының өкілдері Ортадабасы ауданындағы жайылым жер мәселесін жай-күйімен танысты. «AMANAT» партиясының хатшысы Д.Кәрібек, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ж.Әшімжан, Е.Саиров, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы – ҚР Жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы М.Теміржанов, аталмыш партияның Түркістан облыстық филиалының атқарушы хатшысы, фракция жетекшісі Б.Тәжібаев Ақсары ауылының халқымен кездесті. Жайылым алқабында өткен жиынға Бәйдібек, Отырар, Төле би аудандарының атқарушы органдарының басшылары, жетекшілері шаруа қожалықтарынан да қатысты. Партия жанынан құрылған «Жер аманат» комиссиясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Е.Саиров кездесудің мақсатын айтты.

Мемлекет басшысы жер мәселесін әділетті шешуді тапсырды. Бүгінгі таңда партияның ең негізгі принципі де осы. Яғни, жер ауылдағы ағайынның еншісінде болуы керек. Құрылған комиссия мүшелері өзіміздің халыққа жерді қалай үлестіреміз деген жауап іздеп, бүкіл елді мекенді аралауды бастады. Егер нақты әрі негізі бар проблема болса, ол жергілікті атқарушы орган арқылы шешіле ме, әлде заңға өзгеріс енгізу керек пе, ол

жағын анықтаймыз. Кешенді қарастыру үшін тек өзіміз емес, Үкіметтің мүшелерімен бірге аралаймыз, – деді Е.Саиров.

Төрткөл ауылдық округі, Ақсары ауылына жақын орналасқан жайылым алқаптары 910 гектарды құрайды. Бұл жер көлемі ауыл тұрғындарының шаруамен айналысуына аздық етеді. Тұрғындардың уәжін тыңдап, арнайы комиссия арқылы шешуге ықпал ету үшін келген комиссия өкілдері орынды ұсыныстар топтастырып, заңға өзгеріс енгізу бойынша жұмыс жүргізетіндерін жеткізді.

Шешімі күткен мәселелердің бірі – жер дауы. Бүгін облыс орталығынан кетіп қалмай, ауылдардың мәселесін естіп, осында арнайы келдік. Заңдағы кодекстерге өзгерту керек болса, оны халықтың талабын тыңдай отырып жүзеге асырғанмыз жөн. Мұнымен тек Үкімет қана жұмыс істемей, партия да араласуы керек. Бір ай бойы заңды зерттедік. Енді ауыл-аймақтардағы мәселелерді саралауға кірістік. Сіздердің ауылдарыңызға 285 мың гектар жер ортақ пайдалануға беріліп отыр. Басқа да жайылымға қатысты сұрақтар әлі қаралады, – деген Д.Кәрібек жер тапшылығының зардабын кешен тұрғындарға қуанышты хабарды жеткізді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін партияның араласуымен ортақ пайдалануға берілетін жердің көлемі ұлғайтылатыны жайлы жаңалық ауыл халқына қуанышқа кенелтті. Себебі, күнкөрісі мал шаруашылығына тікелей байланысты ауыл халқының айтқан уәжі тез арада оңтайлы шешіліп отыр.

Республикалық комиссия өкілдері, депутаттар айтылған ұсыныстарды назарда ұстап, тұрғындар талабы орынды екенін жеткізді. Жерге қатысты заңбұзушылықтар көшбасшы партия тарапынан зерделеніп, нақты істер мен тиісті шешімдер қабылданады.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МІНДЕТ

ШЕШІМ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰҢДЫ

Занды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдар, қаулылар, азаматтық істер бойынша бұйрықтарды орындау барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін міндетті. Ол Қазақстанның бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Заңмен көзделген жағдайларда (әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын даулау жөніндегі істер бойынша, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің конкурстық өндірісі шеңберінде қаралатын істер бойынша) сот актілері соттың ұйғарымы нысанында қабылданады.

Сот шешімдерінің орындалмауына немесе қиын орындалуына заңдағы қарама-қайшы баптар мен жекелеген түйенбушіліктердің де ықпалы тиеті. Сот шешімі орындалуымен құнды. Орындалмаған сот шешімі болмайы тиіс. Алайда сот шешімдерінің нақты орындалмау себептерінің бірі – борышкердің ақша

қаражаты, дүние-мүлкінің болмауы немесе жасыруы десек болады. Сот шешімдерін орындау мәселесіне Қазақстанда соңғы жылдары көп мән берілді. Атқарушы қызмет туралы заңдарды жетілдіру, сот орындаушыларының материалдық-техникалық жағдайын жақсартып, жұмысын жеңілдетті және оң нәтиже берді. Алайда, мәселелер әлі де түпкілікті шешілген жоқ.

Сот шешімдерінің орындалуы бұл ықпалды және халықтың сеніміне ие бола алатын сот жүйесінің маңызды шарты. Осыған орай сот шешімдерінің орындалмай қалған оқиғаларына жүргізілген талдау өндіріп алушылардың мүдделеріне кедергі болатын мәселелердің шеңберін анықтауға мүмкіндік туғызады. Ал Жеке сот орындаушылар институтының дамуы – сот актілерінің орындалуын қамтамасыз етудің негізі болары сөзсіз.

А.ИМАНБЕКОВА,
Мұғалжар аудандық сотының кенсе
менгерушісі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖИЫН

Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының мұрындық болуымен «Алқабиге кандидаттарды іріктеу» тақырыбында жиын өтті.



АЛҚАБИ БОЛУДЫҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Іс-шара барысында сот төрағасы И.Досетов баяндама жасап, «Алқабилер туралы» 2006 жылғы 16 қаңтардағы заңда көзделгендей алқабилікке кандидаттарды таңдауда қойылатын талаптарға тоқталды. Төраға алқабилер міндетін

атқаратын азаматтың негізгі жұмыс орны сақталатынын, жұмыс беруші бастамасымен жұмыстан шығаруға немесе ақысы төмен жұмысқа ауыстыруға жол берілмейтінін атап өтті.

Іс-шара соңында қатысушылар

аталған тақырып бойынша бірқатар сұрақтар қойып, өзара пікір алмасты. Сонымен қатар, алдағы уақытта облыстық және аудандық мәслихат хатшылары аталған мәселе бойынша өзара ақылдасып, ұсыныстарын жолдайтын болып шешті.

Маңғыстау облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының баспасөз қызметі

МЕДИАЦИЯ

«БІРЛІГІ КҮШТІ ЕЛ ОЗАДЫ»

Қоғамда дау да көп, даудың түрі де көп. Оған басты себеп – меншік түрлерінің көбеюі, шекара, халықаралық қатынастардың кеңеюі, нарықтық қатынастың дамуы және халықтың құқықтық сауатының артуы болып табылады.

Алайда, дауды шешетін алаң тек сот залы емес. Елімізде азаматтық даудың басым бөлігін шешудің баламалы тәсілдері заңнамалық деңгейде бекітілген. Бүгінде дауларды сотқа дейін шешудің ең тиімді әдісі – татуласу рәсімі екенін көпшілік біледі. Тараптар ерікті келісім жасап, өзара қолайлы шешімге қол жеткізсе, татуластырушы-судья келісімді бекіту туралы ұйғарым шығарады. Мұндайда судья бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүдделі емес үшінші тараптың қызметін атқарады.

Татуласу келісімінің де заңдық күші бар және оның талаптарын орындалмаған жағдайда сот аталған дау бойынша атқару парағын шығара алады. Сол сияқты, екі жақ та медиациядан кез келген кезеңде бас тартуға құқылы.

Жеке немесе заңды тұлғалар қатысатын дауларды шешу кезіндегі атқарылатын іс-қимылдар медиация туралы шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей аяқталуға тиіс. Қажет болған жағдайда тараптардың өзара шешімі бойынша медиацияны жүргізу мерзімі күнтізбелік отыз күнге дейін ұзартылуы мүмкін, бірақ ол алпыс күннен аспауы керек.

Медиация рәсімі құқықбұзушы адамдарды бас бостандығынан айыру жолымен жазалауды емес, адам құқықтары мен бостандығын қорғауды, қалпына келтіруді көздейтіндіктен, ол жерде кінәлі және кінәсіз тараптар болмайды. Азаматтар мен заңды тұлғалар татуласу рәсімдеріне белсенді түрде жүгінген жағдайда сот жүктемесі төмендейтіні белгілі. Алайда, бастысы бұл емес, ең негізгісі – азаматтар үшін рәсімнің аса тиімділігінде. Яғни, біріншіден, уақыт тиімділігі, екіншіден, қаржы шығыны жоқ (мемлекеттік баж төлеуі алынбайды), үшіншіден, жеңген, жеңілген тарап болмайды, екі жақ ортақ келісімге келетіндіктен дауды екеуара ақылдаса отырып бітіреді.

Тараптарды татуластырып, дауды ортақ мәмілемен реттеуді енді медиаторлардан бөлек, ауыл ақсақалдары, Билер кенесі, адвокаттар, татуластырушы-судьялар да жүзеге асырады. Рәсімді насихаттау жұмыстары да толассыз жүргізілуде. Сондай жұмыстың бірі ретінде Маңғыстау облыстық сотының бастамасымен облыстық

телеарнадан эфирге шығарылатын «Татуластыру: сотқа дейін, сотта» атты арнайы бағдарламаны атап айтуға болады. Бұл бағдарлама 5 жылдан бері тоқтаусыз көрерменге жол тартып келеді. Бағдарламаның әр нөмірінде судьялар мен сот қызметкерлері сұхбат арқылы аталған рәсім туралы керекті мәліметтерді беріп отырады.

Еліміздің сот жүйесі татуластыру рәсімдерін жетілдіруге жіті көңіл бөледі. Әр аймақта билер соты мен татуластыру орталықтары құрылған. Бұл жолдағы маңызды қадамдардың тағы бірі – сотқа дейінгі хаттама институтын қолданысқа енгізу болып табылады. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Азаматтық процестік кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа еніп, сот жүйесінде «сотқа дейінгі хаттама» ұғымы пайда болды.

Сотқа дейінгі хаттама жасау арқылы дауды бітімгершілік, медиациялық және партисипативтік келісімдермен реттеуге болады. Оның ерекшелігі, дау бойынша тараптар өзара дәлелдемелермен алмаса алады. Татуластырушы-судья тараптарға сотқа дейінгі хаттама-ны жасау жөніндегі құқықтарын түсіндіре отырып, татуластыру рәсімдеріне қатысуға шақыру жібереді. Егер тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуласқан жағдайда, 15 жұмыс күнінен кешіктірмей, азаматтық іс қозғау және оны сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады. Сонымен қатар, тараптардың арасындағы дауды бітімгершілікпен реттеу туралы келісімдерді бекітеді.

Қазіргі таңда Маңғыстау аудандық сотында татуласуға жататын істердің санаты бойынша сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы тараптарды бітімгершілікке шақыру тәжірибесі қалыптасты.

«Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дегендей, дауласып, жауласып жүргенде жеке даму, өркендеу, кеңею кейінге қала береді. Сондықтан абырой-беделді, адамгершілік пен имандылықты сақтағысы келетін әр адам дауды алдымен татуласу арқылы шешіп көруге тырысуы керек.

Нарықтық жүйе, еңбек тәртібі, материалдық жағдай, тәрбие мен отбасылық құндылықтар, одан бөлек қаржылық сауаттың төмендігі секілді толып жатқан себептер дауды туғызады. Мұндай себептер толастамайды да. Сол үшін азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру бағытында үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізіле беру керек.

Асел ДОСАЕВА,
Маңғыстау аудандық сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ



К.Мендіханов, К.Өмірбеков секілді шеберлер айналысады. Ал ағаш ұстасы болу машығына А.Ахсанов, А.Аджиев, К.Нуркин секілді оқытушылар баулиды.

ЛА-155/6 мекемесінде «құрылыс ағаш ұстасы», «металл жоңғыш», «механикалық жинау жұмыстарының слесары» секілді мамандықтарға балаларды оқытып шығарады. Сотталғандардың оқу кезеңі 6 айды құрайды. Практикадан өту және біліктілік емтихандарын тапсыру мерзімі аяқталғаннан кейін сотталғандар мемлекеттік үлгідегі куәлік алады. Атап айтсақ, 2022 жылы бірінші жартыжылдықта ЛА-155/6 мекемесінде 12 сотталған бала арнайы мамандықты игеріп шықты. Жалпы оқу курсы барлығы 34 сот-

ЖАЗАСЫН ӨТЕУШІЛЕР МАМАНДЫҚ АЛДЫ

Алматы қаласы ҚАЗ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесі аумағында №2 кәсіптік-техникалық мектеп жұмыс істейді. Бұл білім беру ордасы 1973 жылдан бастап жұмыс істейді. Бүгінгі таңда,

кәсіптік-техникалық мектеп ғимаратында 3 кабинет жұмыс істеп тұр. Балаларды механикалық жинау жұмыстарының слесарі болуға және металл жону ісіне үйретумен бастап жұмыс істейді. Бүгінгі таңда,

талған аяқтады. Жасөспірімдер кейін бостандыққа шыққанда мемлекеттік үлгідегі куәліктері бойынша жұмыс жасай алады.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

YKIM

САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ



2020 жылғы 10 желтоқсандағы берген анықтамасымен «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС теңгерімінде 800 мм-ден 18771 п/м фосфор, 1000-4772 п/м болат (Жібек Жолы бойынша) суағары бар екендігі расталады. (Түгендеу №900109567, пайдалануға берілген күні 1976 жылғы 1 ақпаннан бастап). Сондай-ақ, «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС балансында АКВ-дан №2 алаңға дейін суағар тұр, 1200 мм – 18425 п/м, 1000 мм – 9023 п/м Болат (Жібек Жолы бойынша, Алматы трассасы). (Түгендеу №900109566, пайдалануға берілген күні 1991 жылғы 1 желтоқсаннан бастап).

Бұл ретте Тассай ауылдық округі әкімінің 2002 жылғы 23 қазандағы №154 шешімімен Орынбаев Мамытқа Шайхана құрылысы үшін Таскен ауылы, Жібек жолы даңғылы мекенжайы бойынша орналасқан ауданы 467 шаршы метр жер учаскесі берілді.

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық сотының 2002 жылғы қыркүйектегі шешімімен «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС талап-арызы қанағаттандырылды. Жауапкер М.Орынбаевты Шымкент-Алматы тас жолындағы Таскен кентінде орналасқан кафетерий мен шай (кемпинг) құрылысын мәжбүрлеп бұзу жолымен су қорғау аймағын бастапқы күйіне келтіруді міндеттеу шешілді.

Осыған карамастан, мемлекеттік қабылдау комиссиясының актісімен қабылдауға ұсынылған Шайхана пайдалануға берілді және 2005 жылғы 10 қазандағы шешіммен №279 болып тіркелді.

«Су ресурстары – Маркетинг»

Бұл су құбыры желілері мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ететін негізгі және стратегиялық маңызды құбырлар болып табылады. «Тассай» сауда кешені (супермаркет) осы учаскеде салынған жалғыз күрделі құрылыс болғандықтан, су құбыры желілеріне келтірілген залал мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қауіпсіздігіне әсер ететіні түсінікті.

ЖШС жауапкерге жоғарыда аталған заңдардың талаптарын бұзу туралы ескерген. 16.03.2021 ж. №21-576 жазбаша шағымына карамастан, жауапкер Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Жібек жолы көшесі мен Бабашұлы көшесінің қиылысындағы «Тассай» сауда кешенін (супермаркет) бұзу жолымен санитарлық-қорғау жолағы жерінің бастапқы жағдайына өз бетінше әкелген жоқ.

Жауапкер үшінші тұлғалардың құқықтарын тікелей бұзуына байланысты Утөнбаева Ақжана мен Тоқсанбаев Ғабит осы азаматтық іс бойынша үшінші тарап ретінде тартылды.

Дәл осы Д 1200 мм және Д 800 мм диаметрлі су құбырлары бойынша, басқа жылжымайтын мүлік объектілеріне «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС талап арызын қанағаттандыру туралы бірнеше шешім қабылданған. Атап айтар болсақ, 03.03.2020 ж. Еңбекші аудандық сотының шешімі (Коломейцева И. Ю. қатысты), 02.06.2014 ж. ОҚО МАЭС шешімі (Юлдашев У. қатысты), 28.06.2018 ж. Шымкент к. МАЭС шешімі (ИП Калкабаев Ж. қатысты) және т.б.

Шымкент қаласы сотының азамат-

тық істер жөніндегі сот алқасы «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-нің «Тассай» сауда кешені құрылысын және пайдалануға қабылдау актісін заңсыз деп тану, оны жою, санитарлық-қорғау белдеуін бастапқы күйіне келтіру туралы талап арызы бойынша азаматтық істі қарап, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексінің 423-бабын, 424-бабы 1-бөлігінің 2-тармақшасын басшылыққа ала отырып, Шымкент қаласы, Қаратау аудандық сотының 2022 жылғы 8 ақпандағы шешімін өзгерту туралы қаулы қабылдады.

Нәтижесінде, «Су ресурстары – Маркетинг» объектіні пайдалануға қабылдау актісін заңсыз деп тану және

санитарлық-қорғау белдеуін жерді бастапқы күйіне келтіру туралы талап-арыз талаптарын қанағаттандырудан бас тарту бөлігіндегі сот шешімінің күшін жою және осы бөлігінде талап-арыз талаптарын қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданды. Сонымен қатар, 2005 жылғы 10 қазандағы №279 салынған объектіні пайдалануға қабылдау актісі заңсыз деп танылды.

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Жібек Жолы және Бабашұлы көшелерінің қиылысында орналасқан «Тассай» сауда үйінің ұзындығы бойынша оңтүстік-батыс жағынан солтүстік-шығыс жағына қарай 27,5 метр бөлігін, ені бойынша солтүстік батыс жағынан оңтүстік шығыс жағына қарай 14 метр бөлігін мәжбүрлеп бұзу жолымен санитариялық-қорғаныш жолағы жерлерін бастапқы қалпына келтіруге, жауапкерден «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ның пайдасына 27 949 теңге сомасындағы сот шығыстарын өндіріп алуға сот үкім етті.

Нұрдулет ӘЛЖАНОВ,
«Су ресурстары – Маркетинг»
ЖШС құқық бөлімінің басшысы

Су кодексінің 22-бабы 1-тармағына сәйкес, «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС су шаруашылық ұйымдары қызметімен, суларды реттеумен, жеткізумен, ауыз сумен қамтамасыз етумен, ағынды суларды бұрумен айналысып, су объектілерін пайдаланатын, оларға қызмет көрсететін бірден бір заңды орган.

ҚР Су кодексінің 1-бабы 24-тармағына сәйкес, «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ге толығымен біртұтас су шаруашылық жүйесі қызметін атқару ұйымы кіреді. Су шаруашылық ұйымына, барлық су шаруашылық жүйелері мен құрылыстар, жер астында орналасқан су және кәріз құбырлары жатады және олардың құқықтық жағдайлары заң және нормативтік актілермен қорғалады.

Су кодексінің 80-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес, су шаруашылығы ұйымдарының қызметіне қойылған талаптарға байланысты, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуге, су объектілерінің ластануын және сарқылуын, судың зиянды әсерін болғызбайтын шаралар қолдануға жауапты болғандықтан, «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС өз талап-арыздарын осы заңға сүйене отырып береді.

«Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу» ҚР ЕЖ 3.01.–101.2013 сәйкес, су және кәріз (канализация) құбырларының остерінен қандай да бір құрылыс нысанына дейінгі ара қашықтық 5 метрден кем болмауы тиіс. Себебі бұл су қорғау белдеуі болып саналады, және де ол су құбырлары мен су тазалау құрылыстарының санитарлық жағдайын қамсыздандырады. Бұл белдеуде біздің кәсіпорын «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС үнемі апатты орнына келтіру үшін, күрделі және кезекті жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

«Тассай» сауда кешенін (супермаркет) салу кезінде жауапкердің қолында жер учаскесінің топографиялық түсірілімі болды, онда учаскеде біздің кәсіпорынның су құбыры желілері өтіп жатқаны анық көрінеді. Сондықтан, жауапкер өз қалауы бойынша жер учаскесіне билік ете отырып, Жер кодексінің осы талаптарын орындауға міндетті болды.

Бұдан басқа, Тассай ауылы әкімдігінің 23.10.2002 ж. №154 «Шайхана құрылысы үшін Орынбаев Мамытқа жер учаскесін сату туралы» шешімінің 3-тармағына сәйкес, осы аумақ бойынша өтетін су құбыры және кәріз желілерінің санитарлық-қорғау жолағын сақтау туралы міндеттеме бар.

Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам аудандық сотының 03.09.2002 ж. №2-841-02 іс бойынша шешімімен жауапкер М. Орынбаев

Шымкент-Алматы тас жолындағы Тас-сай ауылында орналасқан кафетерий мен шай (кемпинг) құрылысын мәжбүрлеп бұзу жолымен су құбыры мен кәріз желілерінің санитарлық қорғалуын қамтамасыз етіп, су қорғау аймағын бастапқы күйіне келтіруге міндеттелді.

Сондай-ақ, «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-ның 03.08.2021 жылғы №21-1517 өтінішіне «Шымкент қаласының қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ-не «Қаратау ауданы, Шымкент қаласы, Жібек жолы көшесі мен Бабашұлы көшесінің қиылысында орналасқан объект бойынша 10.10.205 жылғы №279 пайдалануға қабылдау актісі тіркелді» деген жауап алынды. Жауапкерге тиесілі жер учаскесінің нысаналы мақсаты – «Шайхананың құрылысы» болғандықтан, қазіргі уақытта «Тассай» сауда кешені (супермаркет) толыққанды жұмыс істейді. Ал, жоғарыда аталған мекенжай бойынша стратегиялық маңызы бар Д 1200 мм және Д 800 мм су құбыры желілері өтеді.

Бұл су құбыры желілері мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ететін негізгі және стратегиялық маңызды құбырлар болып табылады. «Тассай» сауда кешені (супермаркет) осы учаскеде салынған жалғыз күрделі құрылыс болғандықтан, су құбыры желілеріне келтірілген залал мегаполис тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету қауіпсіздігіне әсер ететіні түсінікті.

«ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 заңның 58-бабы 1, 3-тармақтарына сәйкес, санитарлық-қорғаныш аймағының мақсатына қарай оның параметрлері және оған қойылатын талаптар көрсетілген объектілердің жұмыс істеуінің өнеркәсіптік қауіпсіздігі жөніндегі техникалық регламенттермен, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық сәлауаттылығы және жануарлар дүниесі, қоршаған ортаны қорғау, сәулет, қала құрылысы және азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік нормативтермен белгіленеді.

Санитариялық-қорғаныш аймағын күтіп ұстау жөніндегі міндеттер меншік иелеріне жүктеледі.

Даудың туындауына М. Орынбаевтың диаметрі 800 мм-1200 мм су құбыры өтіп жатқан жерге «Тассай» сауда кешенін (бұдан әрі – даулы объект) салуы түргі болған.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАЛАЛ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙМЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңа құжаттар бойынша баяндама жасаған Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешевтің айтуынша, бұл шешім ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өнеркәсіптік, тұрмыстық немесе өзге де шығарындылармен немесе қалдықтармен бітелу, улану, ұзақ мерзімді пайдаланушылардың жерді ластауы немесе өзге де бүліну фактілеріне байланысты қабылданды. Осыған орай қолданыстағы Қылмыстық кодекстің жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ету және жер қойнауын заңсыз өндіруге жол бермеу мақсатында Қылмыстық кодексте 334-баптың 1-бөлігінде айқындалған әрекеттер қылмыстық теріс қылық санатынан қылмысқа ауыстырылды. Осылайша қоршаған ортаға залал келтіргендерге 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны енгізу арқылы санкция күшейтіледі. Осы баптың 2-бөлігінің санкциясы да 3 жылдан 4 жылға бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қатаңдату арқылы өзгертілді. Осы баптың 1-бөлігінің диспозициясына өзгерістер енгізіліп, қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын қалыптастыру үшін келтірілген залал мөлшерінің шегі, яғни ірі мөлшерден елеулі залалға дейін төмендетілді. 3-бөлімде ерекше қорғалатын табиғи аумақта аса ірі залал келтіргені үшін жазаның неғұрлым қатаң түрін қарастыру ұсынылады.

Қазақстанның ұлттық паркттері мен басқа да табиғи байлықтарын қорғау мақсатында эколо-

гиялық залал келтіргені үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне де бірқатар өзгерістер енгізіліп отыр. Оның бірі сүрек дайындау және тасып әкетуді құрғату кезінде орман пайдаланушылардың өрт қауіпсіздігі қағидалары мен санитариялық қағидаларды сақтамауы себебінен орман алқаптарында орман өртеріннің және зиянкестер ошақтарының пайда болу фактілері жыл сайын артуына байланысты жасалды. Себебі, Қазақстан орманы аз ел. Республика аумағының небары 5 пайызы ғана осындай алқапқа тиесілі екен. Сондықтан ормандарды сақтау мақсатында орман пайдаланушылардың жауапкершілігін күшейту қажет. Жаңа құжатта Әкімшілік кодекстің 368-бабының 2-бөлігінде «Көспеағаш қорын пайдаланудың, сүрек дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, қосалқы орман материалдарын алудың белгіленген тәртібін бұзу» ерекше қорғалатын табиғи аумақта жасалған іс-әрекеттер үшін айыппұл сомасы ұлғайтылады. Ұлттық паркттерді қатты тұрмыстық қалдықтармен ластаудың өзекті проблемаға айналуына байланысты орман фаунасын жою немесе бүлдіру, сондай-ақ орманды қалдықтармен, химиялық заттармен бүлдіру, ластау және орман қоры жерлеріне өзге де залал келтіргені үшін айыппұлдар мөлшері өспек. Соңғы жылдары ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінде жеке тұлғалардың болу тәртібін бұзу жағдайларының саны күрт өсті. Егер 2017 жылы барлығы 41 құқық бұзушылық жасалса,

2020 жылы пандемияға карамастан тоғыз жүзден астам адам жауапкершілікке тартылған. Осыған байланысты заң жобасында айыппұл мөлшерін 2 АЕК-тен 5 АЕК-ке дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Қазіргі уақытта Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимін бұзғаны үшін жауапкершілік қарастырылмаған, алайда Қылмыстық кодексте қарастырылған, алайда Қылмыстық кодексте «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу» бабымен толықтырылды. Осы бап бойынша жауаптылық ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін елеулі залал келтіру арқылы бұзған жағдайда туындайды. Бұл бапта ЕҚТА режимін бұзу жағдайларына, бірақ қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаған жағдайда қолданылатын болады. Қылмыстық кодекске: заңсыз ағаш кесудің тұрақты динамикасын ескере отырып, Заң жобасымен елеулі залалды 100-ден 50 АЕК-ке дейін, ірі залалды 1000-нан 500 АЕК-ке дейін төмендету ұсынылды.

Тағы бір жаңалық «экологиялық залал» термині «залал» деген ұғыммен ауыстырылды, өйткені қылмыстық заңнамада құқықтық анықтамасы жоқ. Қоғамдық қауіпті зардаптарды анықтауға қатысты ұғымдар Қылмыстық кодексте «ірі залал және ірі мөлшерде» және «ерекше ірі залал және аса ірі мөлшерде» деп бекітілген. Сондай-ақ, экологиялық залал келтіргені үшін жауапкершілікті күшейту мақсатында жоғарыда айтып кеткеніміздей 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру түрін-

дегі жазаны енгізу арқылы санкция күшейтілді. Заң жобасы талқыланды кезде депутаттар осы «экологиялық залал» ұғымының «залал» ұғымына ауыстырылуына байланысты алаңдаушылық білдірді. Мәселен, депутат Ердо Абақановтың айтуынша, бұл шешім экологиялық ауыр құқықтық салдарға әкелуі мүмкін. Бұл орайда ол экологиялық залал деген ұғымның құқық бұзушы әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылғанына карамастан өз есебінен ремедиацияны жүзеге асыруға міндеттейтініне назар аударған еді. Экологиялық кодексте айқындалған талап бойынша ремедиация дегеніміз табиғи компоненттерге келтірілген зиянды зиян келтіруші өз есебінен қалпына келтіруді көздейді. Сондықтан «экологиялық залал» ұғымын ауыстыру Қылмыстық кодексте айқындалып отырған талапқа сәйкес мүлкілік залал үшін айыппұл төленді деген сылтаумен жекелеген табиғат пайдаланушылардың болашақта ремедиациядан бас тартуына мүмкіндік береді. Алайда, заң жобасын жасаушы күзир-лы ұйым өкілдері бұл қауіпті теріске шығарды. Олардың айтуынша, «экологиялық залал» деген ұғымды «залал» деген сөзбен ауыстыру жөніндегі ұсыныс Қылмыстық кодексте экологиялық залал ұғымының болмауына байланысты жасалды. Бірақ Қылмыстық кодекстің үшінші бабында атап өткендей ірі залал, елеулі залал деген ұғымдар қарастырылған. Сол ұғымдардың арасында экологиялық деген ұғым бар. Ол Экологиялық кодекстің аталмыш ұғымына сілтеме жасайды. Соған сәйкес егер азамат немесе заңды тұлға қылмыстық немесе әкімшілік құқықбұзушылық жасаса ремедиациядан босатылмайды. Жалпы, қылмыстық жауапкершілік немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту ремедиациядан босатуы білдірмейді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КОДЕКС

Қоғамның талабына сай қолданыстағы заңнаманың өзгеріске ұшырап отыруы заңды процесс ері өзекті мәселе. Себебі, қылмыстың артуы, ауыр зардаптардың жиі орын алуы, кінәлілердің жауаптылығының жеткіліксіздігі секілді мәселелер реттелуі үшін, алдымен заңнамаға өзгерістер енгізуді қажет етеді.



ӨЗГЕРІСТЕР ӨЗЕКТІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 292-VI ҚРЗ ҚР заңымен қолданыстағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірқатары үшін жауаптылық қатаңдатылды.

Мысалы, мал ұрлығы ауыр зардаптарымен ерекшеленеді, одан басқа, қол сұғушылық нысанының қолжетімділігі мен дәлелдеудің күрделі процедурасы, басым жағдайда кінәлілерді әшкерелеуде қиындық туғызады. Онымен қоса, қылмыскерлерге жеткіліксіз жауаптылықтың көзделуі белгілі бір дәрежеде жазаланбаушылық көзқарас туындайды. Сондықтан болар жалпы қоғамның пікірі ескеріліп аталған қылмыстардың алдын алу мақсатында соңғы өзгерістермен мал ұрлығы үшін жауаптылық қатаңдатылды.

Енгізілген өзгерістерде мал ұрлығы арнайы баппен сараланды. Енді мал қорғаның, қашаның немесе өзге де қойманың ауласына кірумен жасалған мал ұрлығы үшін кінәлі адамға мүлкі тәркіленіп, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Осыған дейін бұл қылмыстар «ұрлық» ретінде сараланып келді және өндірістік үй-жайға, қоймаға заңсыз кірумен жасалған ұрлық үшін мүлкі тәркіленіп, максималды жаза бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру көзделген еді. Бұл ауырлығы орташа қылмыстар санатына жататын, салдарынан кінәлі адамның жәбірленушімен татуласып, жауаптылықтан босатылуы мүмкіндігі болды. Енді мұндай қылмыстар ауыр қылмыс болып саналады және жәбірленушімен татуласқанның өзінде сотталушы қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатпайды.

Одан басқа, Қылмыстық кодекс

299-1-баппен толықтырылды, яғни «Есірті, психотроптық заттарды немесе сол тектестерді, прекурсорларды насихаттау немесе заңсыз жарнамалау», ол үшін алты жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделді.

Көлік құралын алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде басқарушыларға қатысты қылмыстық жауаптылық қатаңдатылды.

Атап айтсақ, өзгерістерге дейін, көлік жүргізушісі масаң күйде болып, жол жүрісі қағидаларын бұзып, абайсызда адам денсаулығына қылмыстық залал (денсаулығына орташа не ауыр зиян, адам қазасы) келтірсе, оның әрекеттері ҚК-тің 345-бабымен сараланатын. Жүргізушінің масаң күйі жауаптылығын ауырлататын мән-жай ретінде танылатын және мұндай қылмыстар абайсызда жасалған құқық бұзушылықтар ретінде қаралды.

Өзгерістерден кейін, Қылмыстық кодекс жаңа баппен толықтырылып, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы 345-1-баппен сараланатын болды. Енді бұл құқықбұзушылық әрекеттер ҚК-нің 22-бабының талаптарына сәйкес қасақана жасалған қылмыстар болып табылады. Қылмыстық әрекеті салдарынан абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне ұшыратса, арнайы құқығынан өмір бойына айыра отырып, жеті жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жаза көзделеді.

Мұндай өзгерістерге қоғамдағы көлік жүргізушімен, оның ішінде масаң күйде басқарумен байланысты құқық бұзушылықтардың азаймауы, орны толмас ауыр зардаптарға соқтыруы негіз болды. Масаң күйде көлік жүргізушілерге қатысты ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінің санкциясы біршама қатаңдатылды. Енді көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және ал-

когольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы ауырлығы орташа қылмыстар қатарына жатқызылды. Ол үшін көлік жүргізу құқығынан өмір бойына айырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделді. Бұрын аталған құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылық қатарында есептелді әрі кінәлілердің сот үкімінен кейін де құқық бұзушылықтарын жалғастыруы азаймады. Өзгерістерден кейін сот тәжірибесінде, мұндай қылмыстар үшін қоғамнан оқшаулап бас бостандығынан айыру жазасы кеңінен қолданылуда.

Жәбірленушінің жыныстық тиіспеушілігіне қатысты қылмыстар үшін де жауаптылық күшейді. Мысалы, өзгерістерге дейін, зорлау қылмысы үшін үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған болса, енді, бұл қылмыс үшін сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделді. Сонымен қатар, аталған ҚК-нің 120-бабы 3-2-бөлігінің 1), 2) тармақтарымен толықтырылып, оған сәйкес екі және одан көп көмелетке толмаған адамдарға қатысты жасалса, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан жағдайда белгілі бір лауа-

зымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, он жеті жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланатын болды.

Сонымен қатар, қоғамда құқық бұзушылықтың қылмыстылық сипатының жойылуы немесе жауаптылықтың туындауын қажет етпейтін оқиғалар да орын алып жатады. Соңғы өзгерістермен, қылмыс үшін жауаптылықтың қатаңдатылуымен қатар бірқатар қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін ізгілендіру де орын алды. Оның бірі ретінде, ҚК-тің 68-бабына сәйкес, сотталушының жәбірленушімен татуласуы арқылы жауаптылықтан босатылу негіздері көрініс тапты.

ҚК-нің 68-бабының 4-бөлігінің 3) тармағына сәйкес, абайсызда жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) өліміне алып келген жол-көлік оқиғасын жасау жағдайына байланысты қылмыстар үшін кінәлі тұлғаның жауаптылықтан босатылуы қарастырылды. Бұл норма өте орынды, себебі, тәжірибеде, көлік құралын тізгендей алмай, жолдан шығып кету немесе аударылуы салдарынан жақындары қаза табатын жағдайлар кездеседі. Бұлар негізінен абайсызда жасалатын қылмыстар, көлік жүргізушісі жақын туыстарынан айырылады, сондықтан оған қатысты жауаптылықтан босату мүмкіндігінің қарастырылғаны негізді. Себебі, өзгерістерге дейін айтылған норма қазаға ұшыратумен байланысты емес жағдайларда ғана қолданылатын.

Аталған өзгерістер қоғамдағы қылмыстылықты азайтуға, алдын алуға, әлеуметтік әділеттілікті қалыптастыруға бағытталған.

**А.БАЛМУХАНОВ,
Хромтау аудандық сотының
төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

ЛЕБІЗ

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ КӨПКЕ ҮЛГІ

Сот саласында ұзақ жыл қызмет еткен азаматтар көп. Олар тасқа шапса жүзі қайтпайтын алдаспандай өткір, әділетті, ел мүддесі үшін өлшеусіз еңбек сіңіруге даяр тұлғалар. Олар сот саласын түлетті, қайта жандандырды. Осы құрметті есімдердің арасында Нугуметова Сабиланың да аты ерекше құрметпен аталады.

Нугуметова Сабиланың 1949 жылы 3 сәуірде Ресей Федерациясының Орынбор облысы Белозерский ауданы Ольшанка ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Сабиланың әуылында мәдениет үйінің меңгерушісі болып бастады. Қоғамдық ортамен байланысы бар, өзі де өнерге жақын, жалынды тұрған жас осы салада бір жыл қызмет етіп, артынша 1967 жылы аудандық сот қызметіне жас маман-сот орындаушысы болып орналасады.

Қолынан іс келетін жас өзіне тиген қай жұмысты да жандандырып жіберетін. Сабиланың 1975 жылы Қазақ мемлекеттік университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдап, заң саласында қызметін жалғастырады. 1983–1985 жылдар Қобда аудандық сотының судьясы, 1985 жылдан 2000 жылдары Қобда аудандық сотының төрағасы, 2000–2008 жылдары Ойыл аудандық сотының төрағасы қызметін атқарып, 2008 жылы құрметті демалысқа шықты. ҚР Судьялар одағының мүшесі, ал 2008 жылдан бастап осы күнге дейін Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасы құрамында адвокат қызметін атқарады.

Ол кісі еңбек еткен жылдары ҚР Жоғарғы Сотының Алғыс хатымен, Судьялар одағының «Құрмет» белгісімен, марапатталып, Қобда ауданының «Құрметті азаматы» атанды. Еңбегімен елге сыйлы болған ардагер судьяны өткен мейрамымен құттықтап, зор денсаулық, мағыналы ғұмыр тілейміз.

**С.ШАЙМАКОВА,
Ойыл аудандық сотының бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

ӘДІЛ ТӨРЕЛІК

«ЖЕТІ ТҮЙІН» ЖЕМІСТІ НӘТИЖЕ БЕРЕ БАСТАДЫ

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүмкіндігін орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асыратын орган – сот жүйесі.

Тәуелсіздік жылдары сот жүйесі де бірнеше даму кезеңдерінен өтті. Ұлт Жоспары соттарды жаңғыртудың маңызды құралы десек, «Сот жүйесінің жеті түйіні» басым бағыттарды жүзеге асыруға түрткі болды. Нәтижесінде сот жұмысы жетілдіріліп, әрбір іске олардың мұқият дайындалуын қамтамасыз ету жұмыстары жоғалт қойылды. Осының арқасында соңғы жылдары сот жүктемесін азайту, азаматтық процесті жеңілдету, сот ісін жүргізудің жылдамдығын арттырып, ашықтығын қамтамасыз ету бағытында көптеген кешенді жұмыстар жүзеге асты.

Бұған дейін әділдікке қол жеткізе алмай, соттан немесе құқық қорғау орындарынан көңілі қалғандар көп болатын. Сол себепті, халықтың соттарға деген сенімін арттыру бүгінгі күні сот жүйесінің басты мақсаты болып отыр.

Әрбір істің артында адам тағдыры тұрғанын анық сезіне білгендіктен судьялардың жүктемесін азайта отырып, әрбір іске олардың мұқият дайындалуын қамтамасыз ету жұмыстары жоғалт қойылды. Осының арқасында соңғы жылдары сот жүктемесін азайту, азаматтық процесті жеңілдету, сот ісін жүргізудің жылдамдығын арттырып, ашықтығын қамтамасыз ету бағытында көптеген кешенді жұмыстар жүзеге асты.

Шыны керек қарапайым халық көп жағдайда сот үкімімен келіспей,

дау тудырып жатады. Өйткені, сотқа қатысушы тараптардың барлығы заң тілін мұқият түсіне бермейді. Сот актісін түсінбегендіктен келіспей, шағымданып, сот жүктемесінің одан әрі артуына ықпал етіп жатады. Бірінші сатыдағы сот шешіміне қанағаттанбағандар келесі инстанцияға шағымданып, істі күрделендіріп жіберетін. Сондықтан соңғы жылдары судьяларға сот актілерін түсіндіру талабы қойылды. Нәтижесінде бүгінгі күні халықтың сот шешімдеріне қатысты шағым айтарлықтай азайып, бұл өзгерістің нәтиже бергенін байқап отырмыз. Жалпы, халықтың сотқа деген сенімін арттыруға соңғы кездері цифрлы технологияның салға көбірек енгізілуі де зор ықпал етті. Қазіргі таңда адам факторы азайып, көптеген жұмыстардың технология көмегімен автоматты түрде атқарылуы халықтың көңіліндегі көп күдігін сейілтті. Саланы халыққа жақындататын, халық сенімін күшейтетін мұндай өзгерістердің көбірек енгізілуі сала жұмысына серпін бермек.

**О.АЛДАБЕРГЕНОВА,
Маңғыстау облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының бас маманы**

ҚАЗЫНА

ЕҢ ҰЛЫ ҚАРУ – ТІЛ

Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Тіліміздің мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың байлығына балайды.

Тіл – ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады. Әр ұлттың рухани мәдениетінің бір бөлігі тілі болғандықтан ол өзіне деген құрметті талап етеді. Ұлт болған жерде оның мәселесі де болады. Қазақ тілінің мәселесі өткен ғасырдың басынан бері қозғалып келеді. Өз ұлтын, өз тілін сүймеген, қадірлемеген адам басқаны да қадірлеп жарытпайды. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық.

Шындығында қазақ халқы тілге шешен, астарлап сөйлеудің хас шебері екені тарихымыздан белгілі. Өткенсіз болашақ жоқ деген сөз тегін айтылмаса керек. Тілімізді шұбарландырып жақсы атанбаймыз. Мерзімді басылымдарда өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгергендері туралы көп жазылуда. Оқыған кезде олар үшін қуанамыз. Ешкім біліп тумайды. Бастысы білсем, үйренсем деген ниет керек. Ниет болса, талпыныс пен жігер және қызығушылық туады. Шындығында ұлттың басты байлығы – тілі. Бүгінгі заманда бірнеше тілді меңгергеннің артықшылығы жоқ. Тіл – ең асыл құндылық, керемет қатынас құралы. Дейтұрғанмен, ұлттымыздың құнды жәдігері мемлекеттік тілімізге жанашыр көзқарас бар жерде тіліміздің өркендеп, өз тұғырында тұратынын ұмытпауымыз керек.

Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Еңбегіне қарай – құрмет» демекші, бұл конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қосқан үлесі үшін судьяларға, сот жүйесі қызметкерлеріне көрсетілген құрмет деп білеміз. Ендеше, мемлекет атынан төрелік ететін судья және сот қызметкерлерінің арнайы кәсіби мерекесінің белгіленуі бұл саланың беделін көтеріп, төрелік алаңына деген қызығушылықты арттырады.

– Жасыратыны жоқ, бізде әлі күнге дейін кәсіби тұрмақ, ұлттық мерекені атап отудың арнайы тұжырымдамасы жасалған жоқ. Ал Қазақстан атынан сот төрелігін жүзеге асыратын билік органы өкілдері ретінде судьялардың кәсіби мерекесін атап отудың тұжырымдамасын жасауға қоғамда қажеттілік бар ма?

– Еліміздің сот жүйесі үшін тәуелсіздік алған уақыттың әрбір кезеңі жаңа талапқа сай әділ сотты қалыптастыру жолындағы тынымсыз із-



Ғалым МЫҢБАТЫРОВ, Шымкент қаласы мамандандырылған тергеу сотының төрағасы, Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшесі:

«ҚҰРМЕТТІҢ КІЛТІ – ЕҢБЕКТЕ»

деністер, батыл бетбұрыстарға толы болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жұмысын бастаған сот жүйесі мен бүгінгі соттың жағдайы мүлдем салыстыруға келмейді. Заңдық, кәсіби біліктілік тұрғысынан ғана емес, сот саласы материалдық, әлеуметтік жақтан да анағұрлым артты.

«Сот төрелігінің жеті түйіні» жобасын жүзеге асыру аясындағы сот құқықтық және заң шығару реформаларының арқасында отандық сот жүйесін модернизациялау бағытында бірқатар маңызды қадам жасалды. Тиімді судьялар корпусын қалыптастыру, судьяларды артық жүктемеден арылту, соттардағы жұмыстың жаңа форматтарын енгізуге бағытталған жаңа заңдар қабылданды. Сондай-ақ, сот өміріне қажетті деген жаңашыл бастамалар қолға алынды. Бүгінде осы жаңашылдық игіліктерін бұқара халық көріп отыр. Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесін атап өту тұжырымдамасы да талай маңызды, пәрменді жобаларға негіз қалап, сот жүйесіне серпін беретіні айқын.

– Судья мәртебесін көтеріп,

халықтың сот билігіне деген сенімін арттыру үшін қолданыстағы заңнамаға қандай өзгерістер мен толықтырулар қажет деп ойлайсыз?

– Судья және сот қызметкерлері жұмысының жүйесін нығайту, олардың мәртебесі мен материалдық жағдайын қамтамасыз ету, сот ісін жүргізудің жаңа нысандарын енгізу, сот өкімшілігінің тиімділігін арттыру үшін қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Бұл өзгерістер судья және сот қызметкерлері жұмысының сапасын арттырып, халықтың үшінші билікке деген сенімін нығайтады.

– Судьяларды ынталандыру, еңбегін көрсету сот имиджін көтерудің басты тегі. Осы бағытта арнайы шаралар өткізіп, сот жұмысын, судья еңбегін шынайы, көркем насихаттаған шығармаларға арнайы байқау ұйымдастыру ойларыңызда жоқ па?

– Ежелгі уақытта билер қактығысты тек қысқаша сөзімен тоқтата алды, билердің әділеттілігінің түпкі мақ-

саты – тараптардың қарым-қатынасы қаншалықты күрделі және шиеленіскен болса да олардың татуласуы мен бітімдікке қолжеткізілді. Судья және сот қызметкерлері жұмысының қазіргі заманғы форматы, азаматтық сот ісін жүргізуді оңтайландыру, цифрландыру бағытында арнайы шаралар өткізу арқылы билер сотының тарихи маңызын арттырды. Жалпы, сотқа деген талапты ғана өсіріп қоймай, жауаптылықты үздіксіз көтерген орынды. Дегенмен, жақсы нәтиже болу үшін талаппен бірге мықты судья және сот қызметкерлері ұжымдарын көтермелеп, үздік судьяларды айқындаудың, оларды марапаттаудың да маңызы өте зор. Осы мақсатта өңірлік соттарда түрлі байқаулар ұйымдастырып, сот жұмысына қатысты жазылған шығарма авторларын ынталандыру бұрыннан бар. Алдағы уақытта мұндай іс-шаралар жалғаса береді деп ойлаймын.

– Ой бөлікеніңізге рақмет!

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚҰҚЫҒЫҢА ҚҰЛАҚ САЛ

ТАЛАП ҚОЮДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТӨРТБІ

Өркениетті елдерде Әкімшілік әділет институты жақсы жолға қойылған. Бұл бастаманың қолданысқа енгізілуі қазақстандық сот тарихына үлкен бетбұрыс жасағаны мәлім. Тәжірибеге қосылғанына бір жыл ғана болса да Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте те, жаңа әкімшілік соттар да өзіне жүктелген жедеден табылды.

Десек те, әкімшілік әділеттің не мақсатпен енгізілгенін, қандай артықшылығы барын азаматтар толық біледі деп айта алмаймыз. Тікелей қатысы болмаған соң қарапайым халықтың жаңа құжатты ақтарып, оң мен солын таразылап жатпайтыны тағы белгілі. Сондықтан, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске байланысты көпшілік тарапынан жиі қойылатын сауалдарға жауап беріп, жол көрсетіп отыру судьялардың парызы.

Мәселен жаңа құжатқа сүйенсе отырып әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Талап қою сотқа жазбаша немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі. Сондай-ақ, әкімшілік сотқа берілетін талап қоюдың төрт түрі дәйектелген. Олар дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы, әрекет жасау туралы және тану туралы талап қоюлар. Сот

талқылауы басталмай тұрып дауды бір сот отырысында шешуге қажетті әрекеттер жүргізіледі. Бұл жердегі негізгі артықшылық – әкімшілік істі алдын ала тыңдауға дайындау барысында талап қоюшыға талап қоюды берген кезде кеткен кемшіліктер көрсетіліп, осы олқылықтарды түзету үшін уақыт беріледі. Яғни, әкімшілік соттар жария-құқықтық дауларды қарағанда жеке азаматтарға жанашырлық танытып, жол нұсқайды. Кейбір жағдайларда талап қоюды қамтамасыз ету туралы арыз талап қоюмен бір мезгілде түсіп жатады. Мұндай жағдайда ол бес күн ішінде қаралады. Кодекске сәйкес, талап қоюды қамтамасыз етудің күшін сол сот іске қатысатын адамның, талап-арызы бойынша немесе өз бастамасы бойынша жоюы мүмкін.

Талап қоюды қамтамасыз ету тәртібі Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 139-бабында көрсетілген. Осы санаттағы істерді қарағанда сот Азаматтық процестік кодекстің басшылыққа алады. Құжатта дәйектелгендей, сот талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қабылдауда іске қатысатын адамдардың арызын негізде алады. Әрі егер осындай шараларды қабылдау соттың шешімін орындауды қиындатса немесе мүмкін

етпейтіндей болса талап қоюды қамтамасыз ету туралы шешім қабылдайды. Төрелік талқылау тараптары талап қоюды қамтамасыз ету туралы арызға төрелікке талап қоюды растайтын құжатты қоса беруге тиіс.

Соттың талап қоюды қамтамасыз етуден бас тартатын кездері де бар. Айталық салық тексерулерін жүргізу үшін негіз болып табылатын мемлекеттік кіріс органдарының даулауы отырған құқықтық актісінің қолданылуын тоқтата тұру түріндегі талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауға жол берілмейді. Бұған қоса, Республика заңдарында көзделген жағдайларда, қаржы ұйымына, сондай-ақ банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымы болып табылмайтын ұйымға қатысты олар қайта құрылымдауды жүргізген кезде талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қолдануға жол берілмейді.

Міне, осының бәрі әкімшілік сотта құқығы мен мүддесін қорғауға қалам жасаған азаматтардың қаперінде болғаны жөн.

С.КУСЕМБАЕВА,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ДАУЛАРДЫ ТАТУЛАСУ РӘСІМІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ РЕТТЕУ МҮМКІНДІГІ

Әкімшілік әділет институтын енгізудегі басты мақсат – жария-құқықтық дауларда азаматтар мен мемлекеттік аппарат ресурстарының теңсіздігін болдырмау, әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытында шешу.

Жаңа заңға сәйкес, жария-құқықтық дауларда татуластыру рәсімдерін қолдану көзделген. Заң шеңберінде дауларды шешудің баламалы тәсілдері ретінде медиативтік, партисипативтік және татуласу келісімі қарастырылған. Татуластыру рәсімдерінің барлығы дерлік азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Сот тараптардың татуласуы үшін шаралар қабылдап, оларға дауды процестің барлық сатысында, яғни сот шешім қабылдағанға дейін бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдеседі.

Бұған дейін жария-құқықтық қатынастардан туындаған даулар бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану мүмкіндігі заң нормаларында қарастырылмаған еді. Себебі, аталмыш даулар бұрын Азаматтық процестік кодекстің 29-тарауы негізінде, яғни ерекше өндіріспен қаралатын. Мұнда дәйектелгендей, мемлекеттік органдардың қатысуымен қаралатын даулар сотқа ортақ бітімге келу жолымен шешуге жатпайтын.

Бұған дейін сотта мемлекеттік органдарға қарсы талап бойынша талапкер өз шағымын дәлелдеуге тиіс болса, енді жаңа заң аясында жауапкер – мемлекеттік органдар өз уәжің дәлелдеуге тиіс. Сонымен қатар сот процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда, егер бұл әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін жеке шешімінің орындалуы бақыланып, уақытында орындалмағаны үшін тиісті мемлекеттік органның басшысына айыппұл салуға құқылы. Заңнамаға енгізілген бұл өзгерістер мемлекеттік органдардың татуласу рәсімдерін қолдануына оң ықпалын тигізуде.

Жоғарыда атап өткендей, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің басымдығы – әкімшілік істер бойынша татуластыру рәсімдерін қолдануда. Кодекстің 120-бабында татуластыру рәсімдерінің ережелері бекітілген: тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Бұл ретте әкімшілік қалау деген жаңа ұғым әкімшілік органның, лауазымды адамның заң аясында ықпалды шешімдердің бірін қабылдау дегенді білдіреді. Яғни, кодекстің 11-бабы негізінде әкімшілік орган, лауазымды

адам әкімшілік қалауды Қазақстан заңнамасында белгіленген шектерде жүзеге асыруға міндетті.

Әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік актіні қабылдау және (және) әкімшілік әрекетті жасау (әрекетсіздік таныту) осы өкілеттіктің мақсаттарына сәйкес қарастырылуға тиіс. Сонымен қатар әкімшілік рәсімдегі маңызды қағидақтың бірі – соттың белсенді рөлін атап айтуға болады. Кодекстің 16-бабында көзделгендей, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Мемлекеттік органдардың қатысуымен дауларды татуласу рәсімдерін қолдану арқылы реттеу барысында бітімгер судья соттың белсенді рөлін назарға алып, өзінің алдын ала құқықтық пікірін білдіре отырып және дауды бітімгершілікпен шешу тараптардың уақытының, материалдық шығындардың үнемделуіне, татуласудың басқа да артықшылықтарымен бірге талап қою қанағаттандырылған жағдайда жауапкерге туындайтын жағымсыз салдар жайында да түсіндіреді.

Енді статистикалық деректерге сүйенсек, татуласу рәсімдерімен аяқталған әкімшілік істер санының артқанын көруге болады. 2022 жылдың I тоқсанында Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған әкімшілік сотына 1220 талап қою арызы жолданса, соның 145-і татуласу рәсімін қолданумен аяқталған, бұл жалпы сотқа түскен арыздың 32 пайызын құрайды және мұны өте жақсы көрсеткіш деп атап айтуға болады.

Әкімшілік істер санатына келетін болсақ – сот орындаушылардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), тұрғын үй, мемлекеттік сатып алу саласына қатысты даулар көп. Халқымыз ежелден жер дауы, жесір дауы сияқты дауларды аса ептілікпен, даналықпен, көрегенділікпен қарап, әділ шешім қабылдаған. Бүгінгі таңда сот өкілдерінің алдына қойған басты мақсат – әрбір істі заңда көрсетілген мерзімде жоғары кәсіби біліктілікпен қарап, тек әділ де заңды шешім қабылдаумен қатар, татуласу рәсімдерін қолдана отырып, қоғамда бейбіт қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

Сәуле ҚАБИДОЛДИНА,
Нұр-Сұлтан қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

КИЕ

ӨЗ ТІЛІНДІ ҚҰРМЕТТЕ!

Сот жүйесінде іс қағаздарын мемлекеттік тілде сауатты жүргізу мәселесіне жете көңіл бөлінуде. Ресми құжаттар негізін мемлекеттік тілде жазылады, ал орыс тілінде жазылатын құжаттың аударма нұсқасы болуы бұлжымас талап.

Тарихқа үнілсек, тіліміз қиын-қыстау заманда да өз болмысын, ерекшелігін сақтаған. Өзгерістерге қарамастан, тіліміз сақталып, халқымыз ұлт мүддесін болшақ ұрпаққа мұра етті. Енді ата-бабаларымыз аманат еткен тіліміздің болашағы біздің қолымызда.

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан астам уақыт өтсе де, орыс тілінің ықпалынан шығу әлі де оңайға соқпай отыр. Уақыт ағымына сәйкес мемлекеттігімізді заман талабына сәйкестендіру мақсатында үш тілдік жүйе енгізілген еді. Алайда, ол жүйе қоғамға кері әсер етіп, шетел тілдерінің мемлекеттік тілдің алдында үстемдігін туғызып, ана тілге деген халықтың қызығушылығын төмендетуде. Бұндай болжамды, дамыған шет елдердегі үштілдік модельдерден көруге болады. Сол себепті, заңнамалық тұрғыда мемлекеттік тілдің мәртебесін қазіргі деңгейден де жоғары көтеріп, ана тілді бірінші орынға қойып, оны мемлекеттің барлық аумағында міндетті ету дұрыс шешім деп есептеймін. Осы тұста Қадыр ақынның: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» деген асыл сөзі есіме түседі. Ал, өзге тілдерді азаматтар қажеттіліктеріне байланысты жеке тәртіпте оқып үйрену қажет. Ол үшін өзге тілдерді үйренуге оңтайлы әлеуметтік лингвистикалық жағдай қалыптастыру керек. Еліміздегі әр ұлт, әр азамат бұл ұсынысқа түсіністікпен қарайтынына сенімдімін, себебі, мемлекеттік тілді білу және құрметтеу – ол сол мемлекеттің әрбір азаматының адами борышы мен міндеті, сол елге деген құрметі, керек десеңіз патриоттық сезімі.

С.ДАУЛЕТҚАЗИН,
Темір аудандық сотының бас маманы-сот мәжілісінің хатшысы АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

СОТ СӨЙЛЕСІН

ҚР Конституциясының 75-бабында Қазақстанда сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады деп бекітілген. Сот билігі сотта іс жүргізудің азаматтық, қылмыстық және заңмен белгіленген өзге де нысандары арқылы жүргізіледі. Заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің

қатысуымен жүзеге асырылады. Заңмен құрылған Жоғарғы Сот, жергілікті және басқа да соттар республикалық соттар болып табылады. Еліміздің сот жүйесі Конституциямен және басқа да заңдармен белгіленеді. Қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттарды құруға жол берілмейді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ КЕПІЛІ

Ата Заңымыздың 14-бабында заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік лауазымына және мүлдіктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымна, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды деп бекітілген.

Жалпы, сот билігінің заң шығарушы және атқарушы биліктен өзгешелігі – жалпыға ортақ жүріс-тұрыс ережесін (сот прецедентінен басқа) шығармайды, атқару-басқару қызметімен айналыспайды. Сот билігі қоғамда туындан отыратын нақты істер мен дауларды шешеді. Ондай істер мен даулар заңда бекітілген ерекше процесстік нормалармен қаралып, шешіледі. Яғни, сатылық тәртіп қарастырылған. Бірінші сатыдағы сот шешімдерімен келіспеген жағдайда іс жүргізу тәртібі қағана сақталады, іс жүргізу нысаны бұзылған жағдайда апелляциялық және кассациялық сатыларға шағымдану құқығы берілген. Бұл бұрынғы кеңестік дәуірдегі төрт сатылық және қадағалау тәртіптеріне қарағанда соттағы сөзбұйдалықты азайтуға мүмкіндік туғызды.

Сот билігі заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, конституциялық құрылысты, саяси және экономикалық жүйені, азаматтардың мемлекеттің және қоғамдық ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды. Осы міндеттерге орай сот билігі заң шығарушы және атқару биліктерінде жоқ өкілеттіктермен қамтамасыз етілген.

Сот мемлекет атынан сот төрелігін жүргізу барысында тараптар арасында туындаған азаматтық дауды шешуде кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екенін материалдық нормаларды басшылыққа ала отырып шешім шығарады. Дегенмен, соңғы кезеңде соттарда дауласушы тараптарға сотқа дейінгі татуластыру шараларын жүргізу үдерісіне басымдылық берілуде. Бұл, өз кезегінде сот шешімі қанша заңды болғанымен бір тараптың онымен келіспейтіні, сондықтан, одан әрі азаматтық даудың жалғасуына жол береді. Ал егерде тараптар, туындаған азаматтық дау бойынша екі жаққа да тиімді ортақ мәмілеге келіп жатса қоғамдағы араздықты азайтуға көп септігін береді.

Судьялар тек сот төрелігін жүргізуді мемлекеттік биліктің өкілі болуымен қатар, бұрынғы қазақ қоғамында болған би-шешендердің ұлағатты тәжірибесін жалғастырушы бітімгер ретінде жана қырынан көрінуде.

Еліміздегі судьялардың мәртебесі конституциялық-құқықтық қағидаттары 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «ҚР Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңда бекітілген бастамалар, соларға сәйкес сот органдарының жүйесі ұйымдастырылады және сот билігі жүзеге асырылады. Осы қағидаттарды түрлі негіздер бойынша жіктеуге болады. Олардың сипаты мен мағынасына қарай, көрсетілген немесе туындайтын нормативтік негіз бойынша, сот билігі қызметінің мазмұ-

ны мен сот әділдігін жүзеге асыратын субъектілерді жіктеуге болады. Осыған байланысты қағидаттардың үш тобын бөліп шығардық.

Бірінші топты судья жұмыстарын ұйымдастыру қағидаттары құрайды: судьялардың Конституциямен және заңмен байланыстылығы; есеп бермеушілігі; судьяларға өкілеттіктер беруде тағайындаушылық пен сайлаушылықтың үйлесуі; ауыспайтындық; ешкімнің тиіспеушілігі; барлық судьялардың бірдей мәртебесі; біліктілік пен кәсібилік; бейтараптық; судья лауазымының өзге қызметпен сыйыспаушылығы; бейпартиялығы; әлеуметтік қорғалуы; жауапкершілігі.

Екінші топты – сот ұйымдары мен қызметтері қағидаттарының негізінде сот жүйесі құрайды. Мұнда кіретіндер: арнайы және төтенше соттарға тыйым салу арқылы заңда белгіленген соттардың сот әділдігі; сот жүйесінің бірлігі; соттардың дербестігі (автономиялылығы); заңдылық; жариялылық; тараптардың тең құқықтығы; сот ісін жүргізудегі алқабилік пен дара басшылықтың үйлесуі; инстанциялық қағидаты; сот ісін жүргізуді мемлекеттік және орыс тілде, сондай-ақ, тұрғылықты көпшілік халықтың тілінде жүргізу.

Үшінші топқа адамның сот процесіндегі құқықтық жағдайын белгілейтін (анықтайтын) қағидаттар жатады. Олардың үлкен бөлігі Конституцияның 77- бабының 3-тармағымен бекітілген. Олар – кінәсіздік презумпциясы; бір құқықбұзушылық үшін екінші қайтара қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайтыны; сотта тыңдалуға әркімнің құқықты болуы және т.б. Бұдан басқа, осы топтың қағидаттарының қатарына барлығының заң мен сот алдында бірдейлігін; сот қорғауының мүмкіндігі мен кепілдігін жатқызуға болады.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап құқықтық мемлекет құруға реформалар жасап жатыр. Ол әлі де жалғасын табуда. Сәйкесінше, сот жүйесіндегі реформаларды мемлекет деңгейінде жасалып жатқан кешенді реформалардың бір саласы ретінде қарауымыз керек. Себебі, биліктің бір тармағы қоғамнан бөлек өз алдына реформалануға жатпайды. Сонау, 2000 жылдары басталған соттардың мамандандырылуы әлі жалғасын табуда. Ең соңғы мысал, былтырғы Әкімшілік-рәсімдік кодекстің қабылдануы және әкімшілік соттардың құрылуы өз өміршеңдігін көрсетті. Тұрғындардың мемлекетпен арадағы азаматтық дауын қарауға бағытталған жана соттар батыстың дамыған мемлекеттеріндегі қалыптасқан норманы Қазақстан жағдайына енгізу болып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының биылғы жолдауында туындаған реформалар да өз жемісін береді деп сенеміз.

Ғизатолла ОТАРҰЛЫ,
Атырау облысы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

АЛТЫН ДІҢГЕК

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Отбасы – алтын діңгек. Адамның асыға жететін ыстық ұясы. Дүниеге келгеннен бастап мекен ететін қасиетті алтын бесігі. Адам өзінің тілін, дінін, салт-дәстүрін бойына сіңіретін алғашқы мектебі – оның шаңырағы. Отбасындағы тәрбие ұлағаты да осыдан басталады.

Баланың балалық шағы мәңгі есінде қалады. Көз алдында күнделікті ата-анасының іс әрекеті тұрады. Соған қарап бой түзейді. Халқымыздың «Өкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» дейтіні де сондықтан. Ұлға да, қызға да әке тәрбиесінің рөлі зор. Себебі баланы өмірге бейімдейтін бірінші орта ол – ата-анасы. Олардың тәрбиесінің артында ұлт тәрбиесі, мемлекет тағдыры тұр.

Конституцияда: «Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі міндеті» деп айрықша көрсетілген. Өкінішке қарай, бүгінде бала тәрбиесіне назар аудармақ түгілі, отбасының алдындағы жауапкершілігін сезіне алмай жүрген азаматтар бар. Салдарынан қаншама шаңырақтың іргесі сөгілуде. Аудандық сотқа да ажырасу туралы өтініштер түседі. Тіпті, үйленгендеріне бір ай өтпей айырылысы келетін де жастар бар. Отбасын



құру – әрі қарай қиындық пен қызықшылықты бірге көру. Бақытқа да бірге жету. Әйтсе де шаңырақтың шаттығынан, құндылығынан бұрын, материалдық жағдайды алға қоятын-дар да кездеседі. Әрбір отбасы береке мен бірлікке ұйып отырса, қоғамның іргетасы берік болар еді.

Нұрсұлтан ЕЛШБЕКОВ,
**Шиелі аудандық сотының бас маманы-
сот отырысының хатшысы**
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПРОБАЦИЯ

СОТТАЛҒАНДАР ЖҰМЫСҚА ЖОЛДАМА АЛДЫ



Сауранда пробация қызметінің есебінде тұрған алты сотталған азамат алдағы уақытта жұмыспен қамтылмақ. Түркістан облысы Сауран аудандық «Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» басқармасының орталығында «Бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі» ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараға аудандық, қалалық пробация қызметі есебінде он адам қатыстырылды. Жұмысқа орналасуға ниет білдіргендер жұмыс берушілерден кеңес алып, ұсынылған бос жұмыс орындары және мамандықтар бойынша өздеріне қажетті мәліметтер алды.

Бұл жәрмеңкенің басты мақсаты – бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды, сондай-ақ, пробация қызметінің есебінде тұрған сотталғандарды тұрақты жұмыспен қамту болып табылады.

Жалпы, шараға қатысқан пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтарға жұмыс берушілер бірнеше тұрақты жұмыс орнын ұсынды. Жәрмеңкеге қатысқан он адам да жұмысқа орналасу үшін жолдама алды. Олар электронды үкіметтегі «Еңбек.кз» сайты арқылы жұмыс беруші мекеменің бос жұмыс орнына өтініш қалдырады.

– Бүгінгі өткізілген шара өзгеше болды. Себебі, «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі Сауран ауданы мен оған қарасты ауылдарда тұратын тұрғын-

дарға арналды. Аукымды іс-шараға Сауран аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған 10 сотталған қатысып, өздерінің мамандықтары бойынша мамандардан кеңес алды. Сондай-ақ, 6 азаматқа тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама берілді. Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар жәрмеңке барысында ұсынылған бос жұмыс орындарынан өздеріне лайықты жұмысқа қарап, сайт арқылы өтініш қалдыратын болады. Жалпы, жұмыспен қамту орталығымен бірлесе атқарған жұмыстарымыздың нәтижесінде сотталған азаматтар жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар, өздерінің шағын бизнесін ашуды жоспарлап жүргендер де мамандардан кеңес алып, бизнес ашудың жолымен танысты, – деді Сауран аудандық пробация қызметі бөлімшесінің аға инспекторы әділет аға лейтенанты Қайсарбек Серманов.

Әрине, пробация қызметінің есебінде тұрғандар «екі қолға бір күрек» деп жұмыс берушілердің ұсынған жұмыстарына орналасуға ниет білдіріп отыр.

– Пробация қызметіне тіркелген күні инспекторым Жұмыспен қамту орталығына тіркеуге тұрғызды. Міне бүгін «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесінде мамандардан кеңес алып, жеке меншік мекемеге жұмысшы болып жұмысқа жолданып отырмын. Осындай қысқа уақытта жұмысқа орналасамын деп ойлаған жоқ едім. Адал еңбегіммен отбасымды асырауыма мүмкіндік берген пробация қызметінің қызметкерлеріне алғыс айтамын. Алдағы уақытта құқық бұзбауға тырысамын, – деді сотталған азаматтың бірі.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөлді сот мәжілісінің қызметі атқарады.

Сот мәжілісінің хатшысы еңбек пен атқару тәртібін бұзғаны және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамағаны үшін, өзінің қызметтік міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ішкі еңбек тәртібінің ережесін, қауіпсіздік техникасы мен өрт сөндіру қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ, заңға қарсы өзге де әрекеттер жасағаны (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан заңнамасында белгіленген жауапкершілікте болады.

Сот мәжілісі хатшыларының жұмысы сырт көзге қарапайым әрі оңай көрінуі мүмкін. Бір қарағанда сот мәжілісінің хатшылары тараптардың жауаптарын қағазға түсіріп, хаттама жасап, іс құжаттарын реттеп отыратын жай ғана маман сияқты. Алайда, сотқа қаралатын кез келген істің өзіндік қиындықтарымен қатар істі өндіріске дайындау сатылары болады. Сот мәжілісі хатшысының жұмысы күрделі, көп салалы, сойте тұра қызықты да.

Бұрын құжат айналымы, хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бұ-

гінде бұл жұмыста ілгерілеу бар, қазір сот мәжілісінің барысы дыбыс-бейне жазба арқылы жазылып дайындалады.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот мәжілісі хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлер сияқты сот мәжілісінің хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғарылап отырады. Соттың іс жүргізуге қатысты ішкі тәртіптері де ішінара өзгеріп отырады. Десек те, сот мәжілісінің хатшылары өз міндеттеріне асқан жауапкершілікпен қарауы қажет.

Сот мәжілісінің хатшысы сот мәжілісі хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін дербес жауап береді. Дұрыс емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді сот мәжілісінің хаттамасына қасақана енгізген жағдайда хатшы заңда көзделгендей жауапты болады.

Сот мәжілісінің хатшысы сот жүйесінде маңызды орын екендігіне талас жоқ.

Ляззат НҮРБЕКҚЫЗЫ,
Қорғалжын аудандық сотының бас маманы
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ГЕНДЕР

ИГІ ІС

КЕМСІТУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Қоғам өмірінің барлық салаларында гендерлік теңдік қағидаттарын іске асыру мақсатында, 2015 жылы Президент Жарлығымен «Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы» бекітілді.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидалары ерлер мен әйелдердің құқықтық теңдігін орнатады, бұған ҚР Конституциясымен кепілдік берілген. Қазақстанның барлық заңнамалары ерлер мен әйелдер арасындағы нақты теңдікті белгілейді. Мысалы, «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 12-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру кезінде жынысына байланысты немесе кез келген өзге жағдайлар бойынша қандай да бір кемсітушілік белгілеуге жол берілмейді.

Қазір қазақстандық әйелдер қоғам өмірінің барлық салаларына, соның ішінде саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге тең жағдайға қатысады.

Республикада гендерлік теңдік гендерлік саясат саласындағы атқарылып жатқан жұмыс демократиялық және құқықтық мемлекет құруға мүмкіндік туғызады.

А.НҮРБОЛАТҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы кәметке
толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының кеңсе меңгерушісі

Жақында Дүниежүзілік донор күніне орай Қызылорда қаласындағы қауіпсіздігі барынша төмен 3К-169/4 мекемесінің бақылаушылары облыстық қан орталығына барып, ерікті түрде қан тапсырды.



ҚАЗ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАН ТАПСЫРДЫ

Алдымен дәрігерлер қызметкерлердің донор болуға жарамды немесе жарамсыз екендіктерін анықтап, медициналық тексерістен өткізді. Қан қысымын, гемоглобин деңгейін және диспансерлік есепте тұратындарын анықтады. Тольқ тексерістен өтіп, донор болуға дәрігер рұқсат берген қызметкерлер мұқтаж жандарға өмір сыйлап, сауапты іс жасады.

«Бір тамшы қан – өмірге араша» демекші, өмірі бір тамшы қанға тәуелді қаншама жан бар. Бір адамның берген 450мл қаны, өлім аузындағы үш адамның өмірін сақтап

қалуы мүмкін екенін ескерсек, қаншама наукас жанның өміріне үміт сыйлаймыз. Мекеме қызметкерлері мұқтаж жандарға қан тапсыруды игі дәстүрге айналдырған. Жылына бірнеше рет донор болатын қызметкерлеріміз де бар. Ерікті түрде қан бергеніміз азаматтық борышымыз, мұқтаж жандарға көмегіміз», – дейді бақылаушылар қызметі бөлімінің бастығы әділет майоры Ж.Әбдіқайыров.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша
ҚАЖД

Баспасөз – 2021

Құрметті оқырман!



«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылмаларына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3638,40 ТЕҢГЕ

1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7276,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 3844,80 ТЕҢГЕ

1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 7689,60 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4538,40 ТЕҢГЕ

1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9076,80 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4744,80 ТЕҢГЕ

1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9489,60 ТЕҢГЕ

✉ zankreklama@mail.ru

МҰРАҒЕРЛІК

4. 10.12.2021 жылы қайтыс болған Ибрагимов Замираның; 12.01.2016 жылы қайтыс болған Уралова Орынкуль Зауырбаевнаның, 25.11.2021 жылы қайтыс болған Жылысбай Тәжіхан Мейрханұлының аттарынан мұралық іс ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлерінің Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Нотариус кеңесі: Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180 мекенжайда орналасқан. Тел.: 87718175589.

5. 3 наурыз 2022 жылы қайтыс болған Бейсенов Абдибек Аблаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келетіндер болса, нотариус Е.Б. Еркембаевичке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, №12 үй, №26 пәтер. Ұялы телефон: 87017314766.

10. 04.06.2022 жылы қайтыс болған, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылының тұрғыны болған Иембердиева Бақыттың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек Жолы көшесі, 116А, Халық банктің бұрынғы ғимараты, 1 қабат мекенжайында орналасқан нотариус Н.Т. Тұрғанға жолығуларыңызды сұраймын.

ТАРАТУ

6. «FЕF’S» (ФЕФ’С) ЖШС, БСН 180140021883, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 3 ықшамауданы, 10 үй, 25 пәтер. Тел.: 87051876386.

14. «Когенерация» ЖШС (БСН 110140016100) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атобе облысы, Ақтобе қаласы, Марсесьев к-сі, 105 үй, 411-кеңсе.

16. «Алшынбай» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 160440003026, тіркелген күні 04.04.2016 ж., өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: инд.120307, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе ауылдық округі, Келінтөбе ауылы, Әбділла Тәжібаев көшесі, №3 үй. Тел.: 87012585444.

ЖОҒАЛУ

15. «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласындағы өкілдігі туралы жоғалған Ережесі жарамсыз деп танылсын.

ӨРТҮРЛІ

2. Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «ШЖК-дағы «Павлодар қаласының №4 емханасы» КМК сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша конкурстық өткізу жөнінде хабарлама

Павлодар облысының әкімдігі «Павлодар облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ атынан Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «ШЖК-дағы «Павлодар қаласының №4 емханасы» КМК сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша жеке әріптесті анықтау бойынша конкурстық жариялайды.

Жобаның атауы: Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының «ШЖК-дағы «Павлодар қаласының №4 емханасы» КМК сатып алу құқығынсыз сенімді басқаруға беру».

Мәксаты: Халыққа сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету үшін медициналық мекемені қайта жаңарту және жабдықтау.

МЖӘ жобасының құны: шамамен 455 377,145 мың теңгені құрайды.
МЖӘ объектісінің орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қ., Ткачев к-сі, 16/1.

Жобаның жүзеге асырылу кезеңі: ұзарту мүмкіндігімен 10 (он) жыл.

Мемлекеттің қатысу нысаны: ҚР «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 27-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекеттік меншік объектісін пайдалану құқығын беру.

Жекеше әріптестік үшін шығындарды өтеу және кірістер алу көздері МЖӘ объектісін пайдалану процесінде заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес шығындарды өтеу және кірістерді алу көздері халыққа медициналық және медициналық емес қызметтерді көрсету ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер есебінен жүргізіледі.

Конкурсқа заңның 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті жекеше әріптестер қатыса алады. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі конкурстық құжаттамада көрсетілген.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді (бекітілген үлгі бойынша) Конкурс ұйымдастырушыға Қазақстан Республикасы, Павлодар қ., Астана к-сі, 59, 404 кабинеті мекенжайы бойынша қолма-қол немесе тіркелген пошта байланысы арқылы әлеуетті жеке әріптестен немесе олардың уәкілетті тұлғаларымен ұсынылады.

Конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі: 2022 жылдың 18 маусымы 16 сағат 00 минут.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесі, қосымша ақпарат жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:00-ге дейінгі уақытта Павлодар қаласы, Астана к-сі, 59, 404 кабинет мекенжайы бойынша және 8(7182)32-50-02, 8(7182)32-01-44 телефон нөмірлері бойынша беріледі. Конкурстық құжаттаманың пакеті электрондық пішімде тегін беріледі.

Байланысушы тұлға: Исакаев Арман Айтмұхамбетұлы.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

7. «ВостокУгольПром» ЖШС Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 23.06.2022 жылғы ұйғарымына сәйкес, «ВостокУгольПром» ЖШС-нің «PROFTRANS» ЖШС-ін банкрот деп тану туралы өтініші өндіріске қабылданғанын және азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

8. «Самай «Қауіпсіздік қызметі» ЖШС, БСН 970340000219, бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Балзақ көшесі, 8 үй, 8 пәтер мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «РУСТЕМ» ЖШС, БСН 931040000808, бөлініп шығу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Кашгарская көш., 77 үй, 51 пәтер мекенжайы бойынша қабылданады.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы Қызылорда қалалық сотының судьясы Шекербеков Ергали Әмірханұлына ағасы

Шекербеков Асхат Әмірханұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы Қызылорда қалалық сотының судьясы Сансызбаева Ақсүйрік Маратқызына анасы

Сансызбаева Қатима Қуанқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық соты және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымдары, ҚР Судьялар одағының облыстық филиалы отставкадағы судья Нұрсейітов Зейнолла Әлімжанұлына жұбайы

Нұрмағанбетова Мағагүл Әміржанқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары мен аппараты Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің бұрынғы басшысы Абай Асанұлы Тоқсабаға інісі

Жамбыл Асанұлы Тоқсабаның қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zankreklama@mail.ru
zankreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА

Жедел уәкілдер жапа-тармағай тартысып отыр. Іс насылға шапқандай, айнала у да шу. Аудандық полиция бөлімі бастығының жедел қылмыстық іздестіру жөніндегі орынбасарының түр-тұрпаты елең-алаңда атқа қонған хас батырдың болмысына ұқсап барады. Оңи бозарып кетіпті.

Мына текетіретің түйінін түсінбесең, жағдай қиын. Құдды «Алашағым кетсе де, айташағым кетпесін» дегеннің нақ өзі. Сондағы сойылмен сокқандай сөзінің түрі:

– Не десең, о де! Мен күдіктіні мойындаймын. Қылмыс жасауда өте ептілік бар. Бір ұры бәрімізді әбгерге салып тұр!

Мұны мойындағысы келмегендер біресе мелшиіп, біресе ішінен бір күдік сыбырлап тұрғандай тепсініп қояды. Шені үлкенмен шекісіп қалмауға тырыскандар «қой-қоймен» арам тер болып, араша түсіп әлек. Әйткенмен, жұмыстың жайын жақсы білетіндер шеттеп тұр. Тек аға уәкіл шідерін үзген асау биедей икемге илікпей бұлқан-талқан. Бұл тартыс ұзаққа созылатын еді, жасы үлкені басу айтып, құрақтай іле салды. Сонан соң Сәулет сабырға келді.

– Аузына келген сөзді қайта жұтуға болмайды, ол мөкүрік. Рас нәрсені, рас деу керек. Полиция – жұмысы көп, тынысы тар қызмет! Біз халыққа қамқор, қалқан болатын саланың адамымыз. Сондықтан жұмыстың жайы былай еді деп ақталудың реті жоқ. Халықтан үстем ешкім болмайды. Сол халықтың сенімінен асқан абырой бар ма, бізге істің нәтижесі керек! – дегенде ешкім үндей қоймады. Өзара тартыстың соңы үнемі осылай үлкеннің тоқтамымен басылатын.

Сосын бірі:
– Қылмысқа тартылғандардың тізімін қайта қарап шықсақ кайтеді? – дейді әріптестеріне.

– Күдікті кісі бұрын істі болмаған адам шығар, – дейді екіншісі.

– Мүмкін ел ішінен жасырын тыңшы ұстап көрсек ше? – дейді үшіншісі үміт отын жаққандай. Күдікті – біреу, шешім шартарапты кезіп жүр. Осыны білгендей бүгінгі басқосуды бәрібір аға уәкіл түйіндеді.

– Бос әңгімені қойындар. Күдіктің ұстамай болмайды. Қылмысын мойындату үшін дәйекті айғақ керек, – деп Сәулет жеке-жеке тапсырма бере бастады.

Аудандық полиция бөлімінде бар-жоғы бес жедел уәкіл бар. Сол бесеу аудандағы қылмыстың тоқсан процентін ашады. Сөйте тұра, жұмысына лайық жақсы атак жоқ. Күн сайын «ұлы айқай». Олай болатыны да бар. Бір түнде бірнеше қылмыс орын алып, соның салдары қылмыстың ашылу деңгейін күрт төмендетіп жібереді. Қайтсын енді, қылмыс еселену түседі, оны азайтуға қанша күш жұмсағанмен, нәтижесі қуанта қоймайды. Осылай қол қысқалық мұрша бермейді. Әйтпесе... олар мықты!

Рас, мал ұрлығы ұшығып тұр. Жедел топ ұрныңын соңына түсіп, талай рет тосқауыл қойған. Іс сотқа барғанда тергеу жеделдеді, іс іркіледі де қалады. Жәбірленуші жақ күдіктіні кешіріп, істер қысқарып жатады.

Деру дабыл көтерілді. Өрістегі мал қолды болған. Екі күннен бері іздемеген жері, сұрастырмаған елі қалмаған. Көрдім-білдім деген біреу жоқ. Енді амалсыздан полицияның көмегіне жүгінуге келді.

Сәулет жағдайды ішінара сұрастырып көрді. Білгені – даярия жағасындағы тоғайға жіберген. Содан кешкілік үйренген әдетінен жаңылып, бұзаулы сиыр үйге қайтпаған. Мына заманда мал түгілі адам да адасады, бейсауыт қыдырып жүріп қалады. Мүмкін бөтен табынға қосылып, біреудің қорасында қамалып тұр ма екен, кім білсін? Бұл жағы бұлдыр...

– Жағдайды бара көреміз. Із кесу керек шығар. Жақын маңдағы елден сұрастыру арқылы да біраз жәйтқа қанығуға болады, – деп Сәулет шұғыл шаруаның шет-жағасын жедел жеткізді.

Көлік ішінде көңіл шіркін шартарапты кезді. Ойды ой қуып келеді. Ерні жыбырлап, әлдебір оқиғаны айтқысы келгендей қомданып қояды.

Олар оқиға орнына келгенде күн сәске түс болды. Күн төбеден шақырайып, шыжып тұр. Мал көлеңкелеп, тораңғылдың салқын саясына тығылып, жатып қалған. Бірен-сараны ғана су жағалап жүр. Қармақ салып бір орыс отыр. Бұл төңіректен көзге шалынар басқа кесе-көлденең көрініс байқалмады.

Олар орысты ортаға алды.
– Балық жақсы қаба ма?
– Аздап...
– Көптен бері отырсың ба?
– Таңертеннен бері.

– Мал айдаған адам көрдің бе?
– Бағана біреу атпен жүрген еді. Солтүстікке қарай кетіп қалды.

– Мм. Түр-түсі қандай?
– Малшы адам ғой. Басында шап-кесі бар, енді... өзіміз сияқты біреу ғой. Әйтеуір аты қасқа екен. Сол қасқалығы жатталып қалды.

– Рақмет. Жақсы ақпарат бердің.

Уәкілдер мал жоғалтқан адамға бұрылып:

– Мүмкін, қасқа ат мінген кісіні сіз танитын боларсыз? – деді.

– Көрші ауылда мал ұстайтын жездем тұрады. Әлгі орыстың айтуына қарағанда, соған ұқсайтын секілді.

– Онда көрші ауылға тарттық!

Сәулеттің іші бірдене сезді ме, жүргізушіге жедел жүр дегендей белгі берді. Басшыны бағып қалған жүргізуші лыпып кетті.

Малдың иесі – Алтынбек Ыстықбаев та, жездесі – Сырым Алмасов екен. Жолай білгендей, Сырым дәулетті адам секілді. Төрт түлігі түгел. Ол ұрыға ұқсамайды. Не болса да бара көреміз.

Ауласы атшаптырым үйге көлік кілт тоқтады. Алдымен көліктен Алтынбек түсіп, көше бет есікті еркін ашып, аулаға енді.

– Ассалаумағалейкум!
– Уағалейкум ассалам!

Топ ете түскен бірнеше кісінің оқыс жүрісіне түсінбей қалғандай Сырым бажыра қарады.

– Жезде, жок іздеп жүр едік, менің сиырым көзге түспеді ме?

– Түскенде қандай! Ол қорада тұр. Үш күннен бері іздейтін қандай адам деп саған таңырқап отырмын.

– О пәлі! Солай де. Мұның балдызбен ойнағанын ба? Жоқ, әлде...

– Алтынбек-ау, біреудің адал малын ұрлап не істейін. Көршінің малымен ілесіп келіпті. Күйлеп жүр-ау, бұқасынан бір елі қалмайды. Мен таныған соң үйге әкеліп байлап қойдым. Ал, айтпағаным – әбден әуре-сарсаңға түсіп іздесін дедім. Анау апана да «айтпай, бір аптадан соң өзім жетектеп апарып беремін» дегенмін. Енді өзін келдің ғой, алып кет малынды.

Сасқан үйрек артымен сүңгиді деген, Алтынбек жырқылдап күле берді. Ал, Сәулет бұған іштей қынжылса да, адал мал ұрыға ұрынып, қолды болмағанына шүкіршілік етті. Ол Сырымнан түсініктеме алды, Алтынбек малы табылғаны жөнінде қолжазды.


II

...Әдеттегідей офицерлердің толық құрам жиналысы басталды. Кейбірі бірер минут кешіккеніне ескерту алып үлгерді. Әншейінде жуас көрінетін, момақан мінезді командир бұл жолы ешкімнің маңдайынан сипайын деп тұрған жоқ.

Залдағылар күбір-күбір сыбырласып отыр еді, бірден жекіп тастады.

– Токтағындар, тыныштық сақтаңыздар!

Кешегі күннің мәліметі бойынша жеке-жеке талдау жасалып, жауапты қызметкерлер орнынан тұрып, әскери тәртіппен өз міндетін қалай атқарғанын мәлімдеп жатты. Бұл мәлімдемеге



қанағаттанған командир жоқ. Қабағы қатулы.

– Бұл сала сегіз сағаттық жұмыс кестесін аяқтап, үйіне уайымсыз қайта беретін мекеме емес, полицияға тәулік те аздық етеді. Жұмыс істеймін десеңдер, осыған көну керек. Қылмыстың көпшілігі тәуліктің екінші жартысында орын алады. Ал, ұйқыда жатқан адам қылмысты қалай ашады? Оқиға орнын суытпай қалай жедел жетеді? Мәселе осында.

– Жолдас полковник, сонда біз қашан демаламыз? – дей берген Сауранбаевқа: – Қылмысты ашқанының өзі демалыс, – деп тыйып тастаған полковник жуан жұдырықпен столды қойып қалды. Сөйтті де:

– Тілмен жүретін адамның бізге қажеті шамалы. Тізе қосып, тіл табысып, тауір жұмыс істейміз десең, полиция романтика емес, реализм! Ісің нағыз ерлерше, шынайы болғаны керек, – деді шулы көзбен.

Тісті тапсырмасын алғандар басшының рұқсатымен залдан шыға бастады.

– Құралбаев, сен қала тұр. Әңгіме бар.

Сәулет сенімді орынбасары, тәжірибелі маманы болғасын оған ерекше тапсырма жүктейді. Бұл жолы да солай секілді. Бұған ол үйренген, жеке құрамға үйретері де көп.

– Айтпақшы, әлгі әккі ұрыға қатысты не білдің? Көрдім-білдім дейтін біреу бар ма?

– Мүлдем жоқ. Бәрі басын алып қашады. Жеке-жеке сөйлестім. Өздерін көрсеткісі келмейді, елге мазақ боламыз деп ойлайды.

– Мм. Түсінікті. Дегенмен, бір ұшы шығар, істі тоқтатап, соның қу. Бұл ең жауапты тапсырма деп қабылда. Аты ұрлық болғанымен, іс күрделі.

– Құп болады, командир! Тапсырма орындалады.

Бұл қылмыстың беті ашылмағалы біраз болды, бел шешіп кірісуге кедергі бар. Елден естігені болмаса, ұрлық жайлы полиция бөліміне арыз берген бірі жоқ. Сәулетті қинайтұны осы.

Ол істі болғандар тізімін ақтарып, ішінен іліп алар күдікті таппады. Бұған қаны қайнап, басына шапты. Сөйтіп зілдене: «Түбің түскір ұрыны қалайда құрықтау қажет, елді басынып бітті!» деді де, тысқа шықты.

Сәулет бала күнінен өжет, қайсар

болып өсті. Өзінің полицияға қызметке келуінің де тарихы ұзақ. Алдымен білімі, рухы, сосын мінезі сәйкес еді. «Қайық адасса кемеден, адам адасса, көнеден сұрайды» дегендей әкесінің кеңесі оның өміріне нұсқа болды. Тіпті, баласының намысын қайрай түсіп: «Полиция қызметкері еті тірі, ізденімпаз, еңбектен жалықпайтын ер болуға тиісті және ұйқыны жеңу керек. Бұл жігітке тән қасиет. Әйтпесе, біреудің көз-жасы мен наласына қалудың екі дүниеде де салмағы ауыр болады» дегені бар.

Сәулеттің бұған дейін қылмыстың қаншасын ашқанын бір құдай біледі, істі сауатты жүргізу, сонан соң сөзбұйдаға салмай, қысқа уақытта қылмыскерді құрықтайтын қабілетімен ешкім таласа алмайды. Оның бойына біткен ерекшелік те осы.

Ұры түскен үйлердің ұзын саны – отызға тарта. Жәбірленуші жақ кілең байшешкертер. Оның кейбіріне екі реттен ұрлық жасалған. Сөйте тұрып, бәрі басын алып қашты. «Ұрлық болған жоқ, оны кім шығарды?» деп аң-таң кейіп танағалы.

Жағдай күрделене түскен соң Сәулетті сансыз ой мазалады. Лажы таусылғанда Шерлок Холмстың шытырман оқиғалы кітаптарын ақтарып, із кесудің құр-сырына терең қаныққан болады, алайда кімді тауып, кімге кісен салуы керек. Дәлел қайда? Ұры ұсталмаса – ұры емес.

Сәулет Құралбаевтың қылмыстық істер бойынша жауапты қызметкер ретінде шұғыл шешім қабылдауға өкілеттігі бар. Бұл жолғы із кесудің нәтижесі. Нағыз кәсіби ұры! Оған өзі кіріспей, басқаның тәжірибесі жетпеуі мүмкін. Тәуекел деп тырысуының бір себебі сол.

Сәулеттің әу бастағы арманы әскери еді, бүгінгі полиция қызметкері болуына нағашы атасының ықпалы тигенін енді біліп тұрған жоқ. Соны есіне түсірді. Көпті көрген атаның даналығы дараланып тұрады. Шынында, ол – астроном, ол – із кесуші трассолог, ол – уақыт белдеуінің білгірі.

– Балам, даланың да өз заңы бар. Табиғатпен тілдесу керек. Тінін, тілін ұқсан, ол бәрін де білдіреді. Мынау таяқшаны жерге қадашы.

– Ал, қададым.
– Енді таяқшаның көлеңкесі қалай құлады?

– Батысқа қарай. Көлеңке орган бөлінен ауыпты.

– Ендеше сағат 12-ден 35 минут өтті.

– Оны қалай білдіңіз?

– Көлеңкенің ұзақтығына байланысты.

Сәулет бұған сенбей, сағатына үңілді. Шынында, сағат тілі 12:37 екен. Екі минут қана жаңылыпты.

Мұнысы ештеңе емес, із кескенін айтсаңшы. Қай жануардың ізі, ол қай уақытта бұл маңайда жүрді, қай шөпке жайылды немесе қай жемтікке келді, бәрін көзбен көргендей суреттен береді.

Бірде атасы: «Қап бәлем, ит-құс көрші отардың бір қозысын әкеліпті. Түнде бейғам уақытта бас салған ғой» деді. Атаның «ит-құсы» – қасқыр. Мал баққан жұрт оның атын атамайды, жанамалап жеткізеді. Қасқыр десе, қойды қырып кететіндей қабылдайды.

– Ата, «ит-құсты» қайдан білесіз?

– Мына ізі бара жатқанында қалған. Байқадың ба, із топыраққа терең түспеген. Ал, мынауы басқаша, салмақпен із салған.

– Түнде болғанын неден аңғардыңыз?

– Ізге әлі шық түсіп үлгермеді. Таң ата болғанға ұқсайды. Адам баласы таңғы үш пен бестің арасында қатты ұйқыға беріледі. Сол апақ-сапақта қораға түсіп үлгереді.

– М-м. Түсінікті.

...Ол ұйқыдан кенеттен шошып оянд. Басын көтерген бойда айқай салды: «Күдікті қане?!»

Жанындағы жары жалма-жан ұмтылып шап беріп, ұстай алды.

– Сәулет, саған не болды?

– ?

– Есімді жишы, су ішіп жібер.

Сәулет салқын судан бір жұтым ұрттады да: «Мен күдіктіні түсімде көрдім. Ұзын бойлы жүрді. Арықша келген, спортшыға ұқсайды. Ол сөзсіз қолға түседі» деп орнынан сенімді тұрды. Түс – түлкінің боғы деп жатады. Осы сөз бекер ме деп қаламын. Себебі, ақиқат та аян береді екен.

Ол екі сарбазын ертіп, оқиға орнына барды. Айтса айтқандай, Сәдірбайдың үйінен шыққан әткіткі ізі бапқа бетінде баданадай белгілі болып жатыр. Тергеушілер ізді кесіп, теміржол желісіне келіп тірелді. Ұры осы жерде рельске артын бере отырып, төрт дана темекі тартқан екен. Оның тұқылы табылды. Ары қарай із жоқ, көкке ұшты ма, көлікке отырды ма, бұл жағы бұлдыр. Аға жедел уәкілдің оны тағы түйыққа тірелді. Ал, ұрнының мұнда көлік күтіп тұрды делік, сонда сыбайласы кім болды? Айла біреу, амал шексіз.

Күзгерлер іздеді, ішінде көлікті көрдім-білдім деген бірі жоқ. Демек, көліктің болмауы да мүмкін. Ендеше төтеннен ғайып болатындай ұшқыш тарелканы жоқ шығар? Осы жерде бір сыр бар...

Бұл күн сәтсіз өтті. Үйіне келді.

Сәулеттің көңіл-күйі тіптен қашты, тамаққа тәбеті жоқ. Келіншегі мазасын алмайын дегендей, белшесінің есігін ақырын жауап қойды. Ол жалғыздан-жалғыз отыр.

Өзі де қызық адам. Кейде қасқыр сияқты қайраттанып кетеді. Кейде жынынан айырылған бақсыдай момақан қалыпқа түседі. Бірақ бір шүкірлігі, мінезі қанша өзгергенмен, артық сөйлемейді. Соны білгендей әйелі де ләм-мим демейді.

Күн табағы алыстағы құм төбелерге бауырлай батып, ең соңғы қиығы да көзден таса бола бастады. Қызарып батқан күн – ашық ауа райының белгісі. Ертен ауыр күн, ерте тұрып, жедел іске кірісу керек.

Таң сібірлеп атып келеді. Шығыс көкжиек құланиектеніп, күн мен түн өзара тартысқа түскендей, дүние көгілдір, мұнарға оранып сәл тұрды да, көп ұзамай жарық сәуле үстемдік ала бастады.

Қаныбек ӘБДУОВ,
журналист.
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ.
(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №90 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANNMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31